



SAMRUK-KAZYNA
CONSTRUCTION



Жылдық есеп 2021



МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	2	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	20
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	3	Корпоративтік басқару құрылымы	20
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	4	«Самұрық-Қазына» АҚ 2021 жылға арналған корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын орындау туралы есеп	20
ЕСЕП ТУРАЛЫ	5	Директорлар кеңесі	21
ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	6	Басқарма	28
2021 жылға дивидендтер төлеу туралы ақпарат	6	ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ	34
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	7	Тұрақты дамуды басқару	34
Пайым	7	Маңызды тақырыптарды айқындау	36
Миссия	7	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ стейкхолдерінің картасы	36
Құндылықтар	7	Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу	37
ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒАЛАРЫ	8	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл	40
НАРЫҚТЫ ҚЫСҚА ШОЛУ	8	Мемлекеттік саясатты қолдау	40
ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ	10	Жеткізулердің жауапты тізбегі	41
Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау	10	Қоршаған ортаға әсер етуді басқару	41
Жылжымайтын мүлікті басқару	11	Кадрлар әлеуетін дамыту	42
Құрылысты басқару	11	Жұмыскерлер қызметінің нәтижелілігін бағалау	42
Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару	11	Персоналды оқыту	42
Инвестициялық қызмет	12	Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қатынастары	43
НӘТИЖЕЛЕР	14	Уәждеме жүйесі	43
МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	16	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	44
БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР	16	Демеушілік және қайырымдылық	45
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ	17	БАЙЛАНЫСҚА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ	45
ТБКЖ жетілдіру шаралары	18	№ 1 қосымша	46
Елеулі тәуекелдер	19	№ 2 қосымша	46
		№ 3 қосымша	52

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер, серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Компания, Қоғам) 2021 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынуға қуаныштымыз.

Компания өз дамуын жалғастыруда, өткен жыл ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй бағыты бойынша жалға берілетін сатып алу арқылы жалға өткізілген жылжымайтын мүліктің тұрақты пулының және халықтың зейнетақы жинақтарын пайдалану есебінен мерзімінен бұрын өтеудің арқасында таза кіріс 44%-ға артып, соңғы жылдары ең жоғары мәнге жетті. «Нұрлы жер» бағдарламасын коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша іске асырудың инвестициялық кезеңінің аяқталуына байланысты есепті кезеңде Компания салынған инвестицияларды қайтару бойынша іс-шаралар жүргізді.

2021 жылы Компания командасының күш-жігері жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару жөніндегі стратегиялық міндет аясында «Самұрық-Қазына» АҚ тобының «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі – «ҰИМТ» АЭА) аумағында инфрақұрылым объектілерін салу бойынша негізгі жобаларының біріне бағытталды. Атырау облысының мұнай-химия кластері үшін тиісті инфрақұрылымды құрудың маңыздылығы жоғары. Осылайша, Компания барлық жұмыстардың уақытында және тиісті сапамен орындалуын қамтамасыз етті. Атап айтқанда, «ҰИМТ» АЭА аумағындағы «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобалары бойынша 2021 жылы «ГТЭС инженерлік қамтамасыз ету объектілерін салу. Инженерлік желілер дәлізі. 1-кезегі, Сыртқы сумен жабдықтау, 1-кезегі, Су өңдеуді және ағындарды тазартуды орнату. 1-кезегі» (Су өңдеу) жобасы бойынша объектілерді пайдалануға қабылдау актілеріне қол қойылды.

2021 жылы жайлы тұрғын үйлердің қол жетімділігін одан әрі арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қоғам Қазақстанның бірқатар аймақтарында тұрғын үй кешендерінің құрылысын қаржыландыру бойынша корпоративтік шешімдер қабылдады. 2021 жылы Ақтөбе қаласында «Бавария» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. 2022–2024 жж. Қоғам құрылысы 2020–2021 жылдардан бері жүргізіліп жатқан бірқатар тұрғын үй объектілерін пайдалануға беруді жоспарлап отыр.



2022–2026 жылдарға арналған бекітілген Бизнес-жоспарға сәйкес, Қоғам республикадағы құрылыс секторын дамытуға, соның ішінде Қазақстанда импортты алмастыратын құрылыс материалдары өндірісін дамыту арқылы қатысуды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ 2021 жылдың қазанында Fitch Ratings компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолт рейтингтерін (ЭДР) «BB» деңгейінде растай отырып, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ рейтингі бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Оңға» өзгертеніп атап өткен жөн. АКРА рейтингтік агенттігі Қоғамның халықаралық шкала бойынша кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB+» деңгейінде растады.

Компания 2028 жылға дейінгі стратегияны іске асыру шеңберінде қызметтің негізгі бағыттары бойынша алдына қойылған барлық міндеттерді табысты орындауды жалғастыруда. Компания экономиканы дамытудың өзекті үрдістері мен келешектерін ескеретініне сенімдімін.

2021 жылдың қорытындысын шығара отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Қоғам командасына, сондай-ақ серіктестерімізге Компания қызметіне қосқан үлесі үшін алғысымды білдіремін.

Директорлар кеңесі атынан баршаңызға сәттілік пен өркендеу тілеймін!

М. Тәжіғалиев

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті серіктестер, әріптестер, оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебі ұсынылады.

Бекітілген 2028 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, қызметтің 4 негізгі бағыты бойынша жұмыс жалғасуда:

1. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
2. Жылжымайтын мүлікті басқару;
3. Құрылысты басқару;
4. Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару.

2021 жылы Қоғам Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және Алматы облысында Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруды аяқтау бойынша жұмысты жалғастырды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде жылжымайтын мүлік пулының 99% немесе 578 мың ш.м. (тұрғын үй-жайлар – 393,9 мың ш.м., коммерциялық үй-жайлар – 166,2 мың ш.м. және 964 машина орны) өткізілді.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 22 объектінің 20 объектісі және 1 объектінің тұрғын үй тобы пайдалануға берілді, 1 объект құрылыс сатысында өткізілді және ол бойынша іске қосу мониторингі жасалған жоқ.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша жүзеге асыру аясында Қоғам 11 объект бойынша қаржыландыру шарттарын жасасты. Осы бағыт шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 323,52 мың ш.м. құрады. Есепті күнге Алматы қаласындағы «Vostochka.kz» ТК 10 объектісінде және тұрғын топтарында 285,8 мың ш.м. пайдалануға берілді. Бұл бағдарламаны қаржыландыру көзі Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен бөлген кредиттік желісі болды, оның шеңберінде Қоғам 73,6 млрд теңге алды.

Қоғам жаңа объектілердің құрылысына инвестиция салды. Аталған жаңа жылжымайтын мүліктің бір бөлігін Қоғам тікелей сату әдісімен дербес өткізеді.



Бұл жобаларды қаржыландыру нарықтық талаптармен қарыз қаражатын және меншікті қаражатты тарту арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі жобалардың құрылысына инвестициялау шарттары жасалды:

- Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (1-кезегі), Нұр-Сұлтан қ.
- Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (2-кезегі), Нұр-Сұлтан қ.
- «Бавария» тұрғын үй кешені (2-кезегі), Ақтөбе қ.
- «Ақкент» ықш. тұрғын үй орамы, Алматы қ.
- «ЭКСПО» ауданындағы тұрғын үй кешені, Нұр-Сұлтан қ.
- «Француз орамы» көппәтерлі тұрғын үй кешені, Атырау қ.

Компанияның сәтті тәжірибесі мен іске асырылған жобаларының дағдысы 2022 жылы да стратегиялық мақсаттарға қол жеткізілетініне сенімді күшейтеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жалғыз акционердің алдымызға қойған стратегиялық міндеттерін тиімді дамыту және жүзеге асыру үшін бізде барлық қажетті құралдар бар екеніне сенімдімін.

Қоғамның ұжымы мен серіктестеріне көрсеткіштерді сәтті орындауға қосқан үлесі үшін алғыс білдіремін және келесі жылы жаңа жетістіктер тілеймін!

М. Айманбетов

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 «Жылжымайтын мүлік нарығындағы мәселелерді шешудің кейбір шаралары туралы» қаулысын орындау үшін құрылған. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Жалғыз акционер, Қор) шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, Қоғам қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытуға жәрдемдесу деп белгіленген.

Қоғамның Жалғыз акционері – Қор.

Қор миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылатын коммерциялық құрылым – инвестициялық холдинг болып табылады.



«Самұрық-Қазына» АҚ миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес Қор мемлекеттік бастамалар мен бағдарламаларды орындаушы рөлінен инвестициялық компания рөліне ауысуды көздеп отыр. Бұл мақсат Қордың инвестициялық портфелін белсенді басқаруды, инвестициялардан кірісті қамтамасыз етуді және жетекші егеменді әл-ауқат қорлары деңгейінде портфельді дамытуды көздейді.




ЕСЕП ТУРАЛЫ

Қоғамның 2021 жылға арналған жылдық есебі сан бойынша он үшінші болып табылады және жыл сайын корпоративтік есептілікті жариялау тәжірибесін жалғастырады. Барлық есептер Қоғамның www.skcn.kz ресми сайтында қолжетімді. Бұл есеп Қоғамның 2021 жылға арналған қаржылық және қаржылық емес есептілігінің интеграциясы болып табылады және Компанияның корпоративтік басқару жүйелері мен тұрақты даму арасындағы байланысты көрсетеді. Есептің тұжырымдамасын әзірлеу кезеңінде мүдделі тараптармен жүргізілген диалогтардың нәтижелеріне, тұрақты даму саласындағы алдыңғы есепке қатысты алынған Директорлар кеңесінің ұсынымдарына мониторинг жүргізілді. Бұл есептің мақсаты оқырмандарды Қоғам қызметіне әсер ететін барлық маңызды оқиғалар туралы хабардар ету болып табылады. Қоғам мүдделі тараптарға стратегиямызды қалай қалыптастырғанымызды, активтерімізді қалай басқаратынымызды, қажетті қаржылық көрсеткіштерге қалай жететінімізді, ұзақ мерзімді келешекте тұрақты қызметті қалай қамтамасыз ететінімізді және біз акционер мен қызметімізге қызығушылық танытатын барлық тараптар үшін жасауға тырысатын құндылықты құру бойынша қалай жұмыс істейтінімізді түсінуге көмектесуді мақсат етеді. Жылдық есептің мақсатты аудиториясы дәстүрлі түрде Компанияның мүдделі тараптарының кең ауқымы болып табылады, оның ішінде қызметкерлер, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі, қатысу аймақтарының тұрғындары, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, Қоғамның клиенттері мен серіктестері. Қоғамда кері байланыс алудың әртүрлі арналары жұмыс жасайды. Жылдық есеп бойынша ескертулер мен ұсыныстар «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген телефон және электрондық пошта арқылы қабылданады. Барлық келіп түскен хабарламалар келесі Есеппен жұмыс жасау барысында қарастырылады және ескеріледі. Қызықтыратын мәселелер бойынша Қоғам қызметкерлерінің кеңес беруі өтеді. Кейбір жағдайларда ақпараттың қайталануын болдырмау үшін Жылдық есепте басқа жалпыға қолжетімді құжаттарға сілтемелер беріледі. Деректерді дайындау және ұсыну үдерісінде Қоғам GRI Standards, сондай-ақ қаржылық және өндірістік көрсеткіштер бөлігіндегі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын қолдануды басшылыққа алады. Жылдық есепке 1-қосымшада мүдделілігі бар Қоғамның мәмілелері және ірі мәмілелері туралы ақпарат, 2-қосымшада – GRI Standards мазмұнының индексі, 3-қосымшада – тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен 2021 жылғы 31 жел-

тоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік берілген. Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жарияланады. Құжатпен Қоғамның интернет-ресурсында танысуға болады.

Жылдық есеп құрамына қосылған 2021 жылға арналған Қоғамның тұрақты даму саласындағы есебі GRI стандарттарына сәйкес дайындалған негізгі нұсқа. Есеп Қоғамның Басқармасында, содан кейін Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады және Жылдық есептің құрамында бекітіледі. Қоғам жұмыскерлері мен сыртқы мүдделі тараптардың өкілдері арасында маңызды тақырыптарды жаңарту мақсатында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген жұмыстың негізінде маңызды тақырыптардың матрицасы құрастырылды. Ең жоғары ұпай жинаған тақырыптар маңызды деп танылды. Маңызды тақырыптар Есепте толық ашылды, оларды ашуға сілтеме GRI мазмұнының индексіне берілген. 2020 жылға арналған Есепте ашылған аспектілермен салыстырғанда, стейкхолдерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша «Жұмыспен қамту», «Жұмыскерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас», «Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер» тақырыптары маңызды болып белгіленіп, «Сатып алу тәжірибесі», «Инвестициялар», «Денсаулық пен қауіпсіздік талаптары» тақырыптары 2021 жылға арналған Есепте ашу үшін маңызды болудан қалды. Маңызды тақырыптар бойынша ақпарат жинау шекаралары Есепте Қоғамның барлық маңызды әсерлерін сипаттайтындай етіп анықталған. Өткен есепті кезеңмен салыстырғанда ақпаратты жинау шекаралары айтарлықтай өзгерген жоқ. Бұл есеп сырттан растаудан өтпеген.



ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 19 990 162 мың теңгені құрайды.

Қоғам
акцияларының

100%-ы

Жалғыз акционерге тиесілі

Жарияланған және орналастырылған акциялардың жалпы саны – 16 247 541 дана, оның ішінде:

- 1 000 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 15 000 000 дана;
- 4 000 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 1 247 540 дана;
- 2 490 теңге бір акцияның номиналды құны бойынша 1 дана.

Барлық акциялар жай болып табылады.

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жүргізеді.

ПАЙЫМ

Біз жеткілікті ресурстары, кең ауқымды сенімді серіктестері бар, сондай-ақ жобаларды, құрылысты және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін құзыреттері мен тәжірибесі бар ұйымға айналамыз.

МИССИЯ

Біз сапалы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру жағдайын жақсартамыз, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының құрылысы мен жобаларды басқару тиімділігін арттырамыз.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Решительность / Табандылық / Determination

- Біз үнемі дамимыз және озық тәжірибені қолданамыз
- Біз алдымызға ер мақсаттар қойып, оларға қол жеткіземіз
- Біз барлық тәуекелдерді ескере отырып, шешім қабылдаймыз

Ответственность / Жауапкершілік / Responsibility

- Біз барлығына мүмкіндік береміз, бірақ арамыздағы ең жақсыларды ілгерілетеміз
- Біз адал және сындарлы әрекет етеміз
- Біз өзімізге жауапкершілік аламыз

Самодисциплина / Тәртіп / Self-discipline

- Біз өзімізге және басқаларға қатал болып, жоғары тиімділікке қол жеткіземіз
- Біз компанияның нормалары мен қағидаларына сәйкес әрекет етеміз
- Біз сөзімізге берікпіз, уәдемізде тұрамыз

Товарищество – Партнёрство/ Серіктестік / Partnership

- Біз команданың мүддесін жеке мүддеден жоғары қойып, бір-біріміздің пікірімізді құрметтейміз
- Біз барлық мүдделі тараптар үшін өзара тиімді шешімдерді табамыз
- Біз ашықтық қағидаттары негізіндегі ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды құрамыз

2021 ЖЫЛҒА ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылғы 15 шілдеде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қатысу үлесі 50% астам еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтік саясатына сәйкес, Жалғыз акционердің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 20/21 шешімі бойынша, 1 019 776 510,95 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жүзеге асырды. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 62,76498 теңгені құрайды.

2018 жылы бекітілген Қоғамның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес Қоғам Мемлекеттік бағдарламалар операторы функцияларынан «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына құрылыс пен жылжымайтын мүлікті басқару саласындағы қызметтерді көрсетуге көшті.

Қоғамның негізгі стратегиялық бағыттары болып табылатындар:

Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау:

- мемлекеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылатын жобаларды аяқтау;
- тікелей сату, қаржылық немесе операциялық жалдау арқылы жобаларды жүзеге асыру;
- кестеге сәйкес негізгі қарызды және сыйақыны өтеу бөлігінде Жалғыз акционердің алдындағы қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындау.

Жылжымайтын мүлікті басқару:

- маркетинг;
- жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру немесе сату;
- қаржылық менеджмент;
- қаржылық ағындарды және тәуекелдерді басқару.

Құрылысты басқару:

- жобалар пулын қалыптастыру;
- жобалау тапсырмасын және техникалық ерекшелікті әзірлеу, объектілерді жобалау және салу үшін әлеуетті компанияларды таңдау;
- Кеңесші ретінде баға белгілеуге мониторинг жасау, құрылыс барысын, пайдаланылған материалдардың сапасын, орындалған жұмыстарды орындау мерзімін, сондай-ақ объектілерді уақтылы пайдалануға беруді бақылау арқылы құрылысты басқару.

Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару:

- құрылыс жобаларын басқарудың бірыңғай және тиімді жүйесін енгізу;
- баға белгілеуге мониторинг жасау, құрылыс барысын, пайдаланылған материалдардың сапасын, орындалған жұмыстардың мерзімін, сондай-ақ объектілерді уақтылы пайдалануға беруді бақылау арқылы құрылысты басқару.

ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒАЛАРЫ

2021

Наурыз

Қоғам «Астана» халықаралық қаржы орталығының «Astana International Exchange» (AIX) биражасында облигациялар шығарды. Шығарылымның ұйымдастырушысы Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) болды. Шығарылым көлемі – 2 млрд ресей рублі, облигациялардың айналыс мерзімі – 21 айға дейін, купонның мөлшерлемесі – жылдық 8,0%. Облигациялардың листингі 2020 жылдың 15 наурызында жасалды. Шығарылымның барлық көлемі 2021 жылдың 16 наурызында «exempt offer» арқылы орналастырылды. Облигацияларды орналастыру нәтижесінде алынған қаражат Қоғамның инвестициялық жобаларын қаржыландыруға бағытталды.

2021 жылғы 31 наурызда «Бавария» тұрғын үй кешені – 2-кезегі (меншікті тіркеу күні – 2021 жылғы 22 мамыр) пайдалануға берілді.

Сәуір

2021 жылғы 29 сәуірде, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Сыртқы сумен жабдықтау» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

Шілде

2021 жылғы 15 шілдеде Қоғам Жалғыз акционердің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 20/21 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компанияларға қатысты дивидендтік саясатына сәйкес 1 019 776 510,95 теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 62,76498 теңгені құрайды.

Қыркүйек

ISIN KZX000000633 облигациялары бойынша купондық сыйақыны төлеу.

Қазан

2021 жылғы 6 қазанда Fitch Ratings компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолт рейтингтерін «BB» деңгейінде растай отырып, Қоғамның рейтингі бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Оңға» өзгертті.

Қараша

АКРА Қоғамның халықаралық шкала бойынша кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB+» деңгейінде растады және СККН Финанс (ЖШҚ) (RU000A102KF8) облигацияларының кредиттік рейтингін A-(RU) деңгейінде растады.

Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022–2026 жылдарға арналған бизнес-жоспары бекітілді.

2021 жылғы 9 қарашада, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Инженерлік желілер дәлізі» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

Желтоқсан


2021 жылғы 28 желтоқсанда, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Су өңдеу» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

НАРЫҚТЫ ҚЫСҚА ШОЛУ

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алу үшін пайдалану бағдарламасын енгізу халық арасында тұрғын үйге дүрлікпе сұраныстың өсуіне ықпал етті, бұл өз кезегінде тұрғын үй құрылысының көлемдерінің өсуіне ынталандыру болды.


2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 11,4%-ға өсіп, 17 076 мың ш.м. құрады.

Тұрғын үй ғимараттарының жалпы көлемін пайдалануға беру



Тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемі өсті: 2020 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2021 жылы көрсеткіш 23,8%-ға өсіп, 2 436,1 млрд теңгені құрады.

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар



Қазақстанда соңғы 10 жылдағы баға динамикасы орта есеппен жаңа тұрғын үйлердің бір шаршы метр үшін 154-тен 361 мың теңгеге дейін, яғни 2,2 еседен астам қымбаттағанын көрсетеді.

2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлердің орташа бағасының өсуі Петропавл (84,6%), Өскемен (34,3%), Талдықорған (27,9%), Қостанай (23,8%), Нұр-Сұлтан (22%) қалаларында байқалады. Жаңа тұрғын үйдің 1 ш.м. үшін баға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында орташа республикалық деңгейден жоғары қалыптасып, тиісінше 479,2 мың теңге, 415,1 мың теңге және 379,8 мың теңгені құрады.

Айта кету керек, валюта нарықтарындағы бағалардың ауытқуына байланысты 2022 жылы инфляциялық күтулер және соның салдарынан бастапқы және қайталама тұрғын үй бағасының өсуі байқалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректері бойынша, соңғы 10 жылда ипотекалық кредиттеу көлемі 3,7 есеге өсті. Ипотекалық кредиттеу саласындағы белсенділік көп жағдайда тұрғын үй және құрылыс саласын мемлекеттік қолдауға байланысты.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар 1 746,3 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен шамамен 2 есеге жоғары.

Есепті кезеңде тұрғын үйді сатып алу-сату нарығында айтарлықтай өсім байқалады. 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 96,8%-ға өсіп, 606 056 мәмілені құрады.

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУДЫ АЯҚТАУ

2021 жылы Қоғам Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және Алматы облысында Дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыруды аяқтау бойынша жұмысты жалғастырды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында жылжымайтын мүлік пулының 99%-ы немесе 578 мың ш.м. (тұрғын үй-жайлар – 393,9 мың ш.м., коммерциялық үй-жайлар – 166,2 мың шаршы метр және 964 машина орны) өткізілді.

Есепті кезеңде көлемі 932 ш.м. құрайтын 52 автотұрақ, оның ішінде «Ақжайық» ТК-де 39 автотұрақ, «Ишим» ТК-де 12 автотұрақ және «Су-жасыл бульвар» ТК-де 1 автотұрақ сатып алумен жалға берілді.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаны қаржыландыру көзі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен Қор берген кредиттік қаражат. 2021 жылы бұл бағдарлама бойынша міндеттемелер толығымен өтелді.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 22 объектінің 20 объектісі және 1 объектінің тұрғын тобы пайдалануға берілді, 1 объект

құрылыс сатысында өткізілді және ол бойынша іске қосу мониторингі жүргізілген жоқ. Жалға берілетін тұрғын үй шеңберінде пайдалануға берілген жылжымайтын мүліктің жалпы пулы 596,6 мың ш.м. құрайды. Осы бағдарлама аясында халыққа 583,8 мың ш.м. өткізілген: 570,5 мың ш.м. тұрғын үй ауданы, 4,8 мың ш.м. коммерциялық жылжымайтын мүлік және 8,5 мың ш.м. автотұрақтар, соның ішінде есепті кезеңде тікелей сату арқылы – 90 ш.м., сатып алумен жалға берілген – 4 723 ш.м.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша жүзеге асыру аясында Қоғам 11 объект бойынша қаржыландыру шарттарын жасасты. Осы бағыт шеңберіндегі жылжымайтын мүлік пулы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 323,52 мың ш.м. құрады. Есепті күнге Алматы қаласындағы «Vostochka.kz» ТК 10 объектісінде және тұрғын топтарында 285,8 мың ш.м. пайдалануға берілді.¹ Бұл бағдарламаны қаржыландыру көзі Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен бөлген кредиттік желісі болды, оның шеңберінде Қоғам 73,6 млрд теңге алды.

¹ Алматы қ. «Vostochka.kz» ТК

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАСҚАРУ

Компания келесі активтерді басқару функцияларын жүзеге асырды:

- «Жасыл орам» Т4 бизнес орталығы бойынша Қоғам бизнес-орталықтағы үй-жайды өтеусіз пайдалану түріндегі сыйақы үшін сенімділікпен басқару қызметтерін көрсетті. Үй-жайларды жалға беруден түсетін кірістерді, ғимаратты ұстауға арналған шығыстарды және басқа да сенімділікпен басқару шартының талаптарына сәйкес келетін шығыстарды есепке алу жеке бухгалтерлік теңгерімде жүргізілді;
- «Казына Тауэр» бизнес орталығы үшінші тұлғаларға операциялық жалға тапсырылды. Қоғамға меншік

құқығында тиесілі басқа да жылжымайтын мүлік объектілері операциялық жалға берілді;

- 2015 жылы Жалғыз акционердің сенімділікпен басқаруына тапсырылған объектілері бойынша Қоғамның жылжымайтын мүлікті сатып алумен жалға беру арқылы одан әрі өткізуі үшін төлемдер жинау мен бақылау жүзеге асырылды.

Айта кету керек, Қоғам есепті кезеңде, коронавирус пандемиясына және төтенше жағдайға байланысты, сатып алумен жалға беру шарттары бойынша төлемдерді бұрын берілген кейінге қалдыру мерзімін 2021 жылғы наурыздың соңына дейін ұзарту туралы шешімдер қабылдады.

ҚҰРЫЛЫСТЫ БАСҚАРУ

Жобаларды басқаруға аккредиттеу түріндегі Қоғамның қызмет түрлерін кеңейту туралы өтініш хатын қанағаттандырудан Бәсекелестікті қорғау агенттігінің бас тартуына

байланысты жоғарыда аталған жобалардың құрылысын басқаруды Қоғам қазіргі уақытта жүзеге асырмайды.

ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САТЫСЫНДА КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҮЛЕСТЕРІН СЕНІМДІЛІКПЕН БАСҚАРУ

Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін басқару мақсатында Қоғам объектілерді/ жобаларды пайдалануға берілген сәтке дейін жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезеңінде тұрған жобалау ұйымдарының үлестерін/акцияларын басқарады.

2018 жылғы желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС өзінің келесі компанияларының – «ХИМ-плюс» ЖШС және «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестерін Қоғамның сенімділікпен басқаруына тапсырды. Бұл компаниялар жобалау және құрылыс инвестициялық кезеңдерінде болған. Үлестерді басқару мерзімдері құрылыс объектілерін пайдалануға бергенге дейін белгіленді. Осы шарттардың шеңберінде Қоғам сенімділікпен басқаруға берілген компаниялардың барлық өндірістік-шаруашылық қызметін бақылайды және қадағалайды, құрылыс барысын тиісті түрде бақылау, баға белгілеуге мониторинг жасау, пайдаланылған материалдардың сапасын, сондай-ақ жұмыстарды орындау

мерзімдерін бақылау бойынша шаралар мен әрекеттер қолданады. Аталған компанияларды басқару үшін Қоғам сенімділікпен басқару құрылтайшысынан осы компаниядағы әрбір компанияны/құрылысты басқару үшін тоқсан сайынғы тұрақты төлем алады.

«Тараз химиялық паркі» АЭА аумағындағы «ХИМ-плюс» ЖШС жобалары. Қоғам «ХИМ-плюс» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімділікпен басқаруды жүзеге асырды. Объектілердің пайдалануға берілуіне байланысты сенімділікпен басқару мерзімі 2021 жылғы 31 наурызда аяқталды.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобалары – «УИМТ» АЭА инфрақұрылымдық объектілерінің құрылысы. 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 10–13/96 «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімділікпен басқару шарты. Қаржыландыру көзі – Республикалық бюджет қаражаты және «Karabatan Utility Solutions» ЖШС меншікті қаражаты. Сенімділікпен басқару мерзімі – 2022 жылғы 30 маусымға дейін.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Жоғарыда аталғандардан басқа, Қоғам жаңа объектілердің құрылысына инвестиция салды. Аталған жаңа жылжымайтын мүліктің бір бөлігін Қоғам тікелей сату әдісімен дербес өткізеді. Бұл жобаларды қаржыландыру нарықтық талаптармен қарыз қаражатын және

меншікті қаражатты тарту арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі жобалар бойынша құрылысқа инвестиция салу шарттары жасалды:

Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (1-кезегі)

- Объект құрылысы мен жылжымайтын мүлікті өткізу 2021–2022 жж. жоспарланған (2021 жылғы наурыз – 2022 жылғы қыркүйек)
- **Құрылыс мерзімі** – 18 ай
- **Құрылыс салушы** – «Базис-Астана» ЖШС
- Жоба жалпы көлемі шамамен 71 077 ш.м. тұрғын үй кешенін салуды көздейді (қоғам инвестицияларының 60% үлесі)

Нұр-Сұлтан қ.



«Ақкент» ықш. тұрғын үй орамы

- Жоба жалпы көлемі 189,5 мың ш.м. 4 158 пәтерді қамтитын 42 тұрғын үй блогын салуды көздейді
- **Жобаны жүзеге асыру мерзімі** – 36 ай
- **42 блок құрылысының мерзімі** – 2021 жылғы наурыз – 2024 жылғы қаңтар
- Жылжымайтын мүлікті өткізуді үлестік құрылыс механизмдері арқылы блоктың қаңқасы салынғаннан кейін бастау жоспарлануда

Алматы қ.



Нұр-Сұлтан қ.



«ЭКСПО» ауданындағы тұрғын үй кешені

- Тұрғын үй-жайлардың көлемі – 16 223,6 ш.м. (жалпы көлемнің 76,2%); коммерциялық үй-жайлардың көлемі – 4 948 ш.м. (жалпы көлемнің 76,2%) және 176 машина орны бар автотұрақ (жалпы санның 80%)
- **Объект құрылысының мерзімі** – 15 ай
- Жылжымайтын мүлікті өткізу 2023 жылғы ақпанға дейін жоспарлануда

Нұр-Сұлтан қ.



Мыңжылдық аллеясындағы көппәтерлі тұрғын үй кешені (2-кезегі)

- Объект құрылысы мен жылжымайтын мүлікті өткізу 2021–2022 жж. жоспарланған (2021 жылғы наурыз – 2022 жылғы қыркүйек)
- **Құрылыс мерзімі** – 18 ай
- **Құрылыс салушы** – «Аргон-Строй» ЖШС, уәкілетті компания – «Bestbuilding» ЖШС
- Жоба жалпы көлемі шамамен 71 077 ш.м. тұрғын үй кешенін салуды көздейді (қоғам инвестицияларының 60% үлесі)

«Бавария» тұрғын үй кешені (2-кезегі)

- Жоба тұрғын үй-жайлардың жалпы көлемі – 16 894,4 ш.м. негізгі әрлеуде тұрғын үй кешенін салуды көздейді (80% – Қоғамның инвестициялары)
- **Объект құрылысының мерзімі** – 11 ай (2021 жылғы қараша – 2022 жылғы мамыр)
- Құрылысты аяқтау мерзімі 2022 жылғы қыркүйекке дейін
- Құрылыс салушы – «Bavaria Construction» ЖШС

Ақтөбе қ.



«Француз орамы» көппәтерлі тұрғын үй кешені

- Жер телімі – 2,996 га
- 257 пәтерлі 4-қабатты тұрғын үйлер
- Тұрғын үй-жайлардың жалпы көлемі – 31 500 ш.м. астам емес шамалап
- **Объект құрылысының мерзімі** – 11 айдан астам емес
- Объектіні пайдалануға беру мерзімі – 2022 жылдың 2-тоқсаны

Атырау қ.



НӘТИЖЕЛЕР

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Стратегиялық ҚНҚ	2020 ж.		2021 ж.		% -бен	2021 ж. деректің
		дерек	жоспар	дерек	жоспардың		
1	Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, мың ш. м.	67,13	42,13	8,18	19%		12%
1.1	«Нұрлы жер» жалдамалы тұрғын үйлері	14,62	–	–	–		–
1.2	Басқа да жобалар	52,51	42,13	8,18	19%		16%
2	Өткізілген жылжымайтын мүлік, мың ш. м.	120,94	58,96	29,07	49%		24%
2.1	«Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша өткізілген жылжымайтын мүлік	83,07	4,63	4,81	104%		6%
2.2	Коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша өткізілген жылжымайтын мүлік	1,43	–	–	–		–
2.3	Басқа да жобалар бойынша өткізілген жылжымайтын мүлік	36,44	54,32	24,25	45%		67%
3	Ақшалай қаражатты игеру, млрд теңге	12,82	24,20	21,12	87%		165%
3.1	Жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша	1,12	0,08	0,03	39%		3%
3.2	Коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша	0,11	–	–	–		–
3.3	Басқа да жобалар аясында	11,59	24,11	21,08	87%		182%
4	Басқарудағы құрылыс объектілерін уақтылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету					шарт мерзімінен кейін 1 айдан кешіктірмей	
5	Корпоративтік басқару рейтингі	–	BB	B	–		–
6	Еңбек өнімділігі, мың теңге/адам	178 965	140 502	170 617	121%		95%
7	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млрд теңге	12,83	24,30	21,17	87%		165%
8	Таза табыс, млн теңге	6 798,5	4 295,4	9 786,1	228%		144%
9	ROACE, %	5,55%	4,56%	8,08%	177%		146%
10	Борыш/Капитал, коэф.	1,82	1,82	1,54	85%		85%
11	NAV, млн теңге	55 523,5	58 127,7	65 342,5	112%		118%

1. Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру Қоғамның барлық бағдарламалары мен жобалары бойынша жылжымайтын мүлікті пайдалануға беруді көрсетеді. Ағымдағы жылдың наурызында Ақтөбе қ. «Бавария» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді – 8 180 ш.м.

№	Объектілердің атауы	2020 ж.		2021 ж.		% -бен	2021 ж. деректің
		дерек	жоспар	дерек	жоспардың		
	Пайдалануға беру, соның ішінде:	67,13	42,13	8,18	19%		12%
1	«Нұрлы жер» бағдарламасының жалдамалы тұрғын үйлері	14,62	–	–	–		0%
2	Басқа да жобалар	52,51	42,13	8,18	19%		16%
2.1	Алматы қ. «Vostochka.kz» ТК	52,51	–	–	–		0%
2.2	«ЭКСПО» жобасы	–	16,00	–	0%		–
2.3	«Ақкент» жобасы	–	18,05	–	0%		–
2.4	Ақтөбе қ. «Бавария» ТК	–	8,08	8,18	101%		–

2. Өткізілген жылжымайтын мүлік. 2021 жылы өткізілген жылжымайтын мүліктің жалпы көлемі 58 958 ш.м. жоспар кезінде 29 067 ш.м. құрады (жоспардың 49%).

Объектінің атауы	өткізу тәсілі	2021 ж. жоспары	2021 ж. дерегі
	сату	–	–
Ақтау қ. 32-а ықшамауданындағы ТК	КСЖ	728	727
Нұр-Сұлтан қ. Сарыарка және Кеңесары көшелерінің қиылысындағы аудандағы ТК	сату	–	54
	КСЖ	2 700	2 772
Нұр-Сұлтан қ. Хұсейн Бен Талал және Еңбекшілер көшелерінің қиылысындағы ТК	сату	–	36
	КСЖ	1 206	1 224
	сату	–	90
	КСЖ	4 634	4 723
«Нұрлы жер» бағдарламасының жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша ЖИЫНЫ	БАРЛЫҒЫ	4 634	4 813
Алматы қ. «Vostochka.kz» ТК	сату	31 416	16 074
Нұр-Сұлтан қ. «ЭКСПО» ТК	сату	4 000	–
Алматы қ. «Ақкент» ТК.	сату	10 828	–
Ақтөбе қ. «Бавария» ТК	сату	8 080	8 180
Басқа да жобалар бойынша ЖИЫНЫ		54 324	24 254
БАРЛЫҒЫ		58 958	29 067

3. Ақшалай қаражатты игеру. Есепті кезеңде 24,20 млрд теңге жоспар кезінде 21,12 млрд теңге игерілді (жоспардың 87%).

4. Басқарудағы құрылыс объектілерін уақтылы пайдалануға беруді қамтамасыз ету. Қоғам «Біріккен химиялық компания» ЖШС-мен жасалған сенімділікпен басқару шарттары шеңберінде «ХИМ-плюс» ЖШС және «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестерді басқаруды жүзеге асырды.

5. Корпоративтік басқару рейтингі (КБР). 2021 жылы корпоративтік басқару жүйесін диагностикалауды «Самұрық-Қазына» АҚ тобына, оның ішінде Қоғамға сыртқы аудитор «ПрайсуотерхаусКуперс» (PWC) ЖШС жүргізді. Диагностикалау қорытындысы бойынша КБР рейтингі «В» деңгейінде сақталды. Бұл ретте КБР деңгейі «ВВ» деңгейінде күтілді. Қоғам 2022 жылы даму стратегиясын жаңартуды жоспарлап отыр.

6. 2021 жылы **еңбек өнімділігі** 170 617 мың теңге/адам (жоспардың 121%) құрады, бұл негізгі қызметтен түсетін кірістің ұлғаюымен және орташа тізімдік санның жоспарланғаннан ауытқуымен байланысты.

7. Есепті кезеңде **негізгі капиталға салынған инвестиция** 21 170,5 млн теңгені құрады, оның ішінде құрылысқа салынған инвестициялар – 21 116,6 млн теңге.

8. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның **таза табысы** 9 786,1 млн теңгені (жоспардың 228%) құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 44%-ға жоғары және «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жалдамалы тұрғын үй бағыты бойынша сатып алумен жалға өткізілген жылжымайтын мүліктің тұрақты пулының және халықтың зейнет-ақы жинақтарын пайдалануына байланысты мерзімінен бұрын өтеудің арқасында соңғы жылдары өзінің ең жоғары мәніне жетті.

9. ROACE. Есепті кезеңде таза табыстың өсуіне байланысты есепті кезеңде көрсеткіш 4,56% жоспар кезінде 8,08% құрады, жоспардан +128% жоғары.

10. Борыш/меншікті капитал есепті кезеңде 1,82 жоспар кезінде 1,54 құрады (жоспардың 85%). Көрсеткіштің ауытқуы қарыздарды тарту мен өтеудің жоспарланғаннан өзгеше динамикасымен (жоспардың 96%) және капиталдың ұлғаюымен (жоспардың 113%) байланысты.

11. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша **таза активтердің құны (Net asset value)** 65,3 млрд теңгені (жоспардың 118%) құрайды. Көрсеткішке есепті кезеңдегі таза табыстың ауытқуы және 2020 жылғы нақты таза табыстың ауытқуы әсер етті.

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2021 жылы жасалған, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер, сондай-ақ ірі мәмілелер туралы ақпарат № 1 қосымшада келтірілген.

БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

Қоғам 2022 жылы Қоғамның Миссиясы мен Пайымы негізінде белгіленіп, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды жалғастыруды жоспарлап отыр, оның ішінде жалға берілген және дағдарысқа қарсы бағдарлама шеңберінде сатып алумен жалға берілген үй-жайларды басқаруды қамтитын мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау, сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үй бағытындағы «Нұрлы жер» және коммерциялық тұрғын үй бағытындағы «Нұрлы жер» бағдарламалары бойынша салынған инвестицияларды қайтару бойынша жұмысты жалғастыру.

Қоғам 2022 жылы тозығы жеткен тұрғын үйлердің иелерін жаңа пәтерлермен қамтамасыз ету, қалалардағы әлеуметтік шиеленісті жеңілдету, сондай-ақ құрылыс секторын дамыту үшін инвестициялық ахуал жасау мақсатында Шымкент, Алматы қалаларында, СҚО, ШҚО және т.б. жаңарту бағдарламасын (тозығы жеткен және апаттық тұрғын үйлер) жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Қоғам Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тұрғын үй құрылысы объектілеріне арналған инвестициялық қызметті жүзеге асыруды жалғастырады. Бұл бағыт-

тың басты мақсаты – құрылыс саласын дамыту, тоқтап тұрған объектілердің құрылысын аяқтау, құрылыс материалдарының бәсекеге қабілетті өз өндірісін құру және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау.

2022 жылға арналған мақсаттарға жету үшін Қоғам операциялық тиімділікті арттыру, басқару және құрылысқа инвестициялау кеңсесін құру, жалға алушылармен сындарлы диалогқа, сонымен қатар тікелей байланыстарды болдыртпау және ақпараттық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында бизнес-үдерістерді автоматтандыруға бағытталған жедел кері байланысты ұйымдастыру арқылы барлық бизнес-үдерістерді автоматтандыру және цифрландыру деңгейін көтеруді жоспарлап отыр.

2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде баяндалған тұрақты даму қағидаттарын енгізу тәжірибесі жалғасады, Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарында бекітілген іс-шараларды іске асыру арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша қызмет жалғасады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару тұрақты және үздіксіз үдеріс болып табылады және ықтимал тәуекелі бар оқиғаларды уақтылы анықтауды және Қоғамның қызметіне және оның мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді барынша азайту бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз етуге арналған. Мұндай оқиғалардың орын алуы сөзсіз болған жағдайда, Қоғам жағымсыз салдарларды азайту үшін барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.

Қоғамда тәуекелдерді басқарудың жалпы қабылданған тұжырымдамалық үлгілеріне және Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті (COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару: қызмет стратегиясымен және тиімділігімен интеграция») әзірлеген ұсыныстарға негізделген тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) жұмыс істейді.


Қоғамдағы ТБКЖ негізгі қағидаттары Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 04 қарашадағы шешімімен бекітілген (№ 145 хаттама) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатында айқындалған, ол Қоғамның ресми сайтында жарияланған.

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның келесі органдары мен бөлімшелерін тартумен бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарумен ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару комитеті, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс-бақылаушы, тәуекелдерді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімше.

Қоғамда ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді, ол менеджментке тәуекелдерді жедел анықтауға және алдын алуға бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге негізделген орынды сенімділікті қамтамасыз ететін құрал болып табылады.

Қоғамда тұрақты негізде Тәуекелдерді басқару комитетінің отырыстары ұйымдастырылады, есептер тыңдалады және елеулі тәуекелдерді басқару іс-шаралары талқыланады, сондай-ақ ТБКЖ жетілдіру бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептер ұсынылады. Іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат Қоғамның Басқармасына және Директорлар кеңесіне уақтылы жеткізіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы



ТБКЖ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ

Қоғамның ТБКЖ – бұл бір үдеріске біріктірілген өзара байланысты элементтердің жиынтығы, оның шеңберінде Директорлар кеңесі, менеджмент және қызметкерлер Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды тәуекелдің қолайлы деңгейінің шеңберінде басқаруға қатысады.

Қоғам жыл сайын ТБКЖ тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлейді және жүзеге асырады. ТБКЖ жетілдіру шеңберінде 2021 жылы іс-шаралар өткізілді, оның ішінде:

- Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдірудің 2021–2022 жылдарға арналған бекітілген жоспарына Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мен пайдалану жөніндегі іс-шаралар кіргізілді;
- Қоғамның корпоративтік басқаруын диагностикалау шеңберінде тәуекелдерді басқару

және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу мәселелері бойынша тәуелсіз кеңесшілермен сұхбаттарға қатысу ұйымдастырылды;

- Тәуелсіз кеңесшілермен Қоғамның корпоративтік басқаруын диагностикалау шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі туралы материалдар ұсынылды, оның нәтижелері бойынша 2022 жылы Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жоспарын жаңарту жоспарлануда;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару мәселелері туралы кеңес беру бойынша жұмыс жүргізілуде; тәуекелдерді үйлестірушілермен есепті кезеңде іске асырылған тәуекелдерге қатысты мәселелер бойынша кеңес беру өткізілді;
- Тәуекел мәдениетін арттыру үшін жаңадан қабылданған қызметкерлерге тәуекелдер бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттары бойынша қызметкерлердің білімін бағалау үшін тұрақты негізде тестілеулер мен сауалнамалар жүргізіледі;
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің әдістемесі жаңартылды;
- Іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты жедел ұсыну мақсатында Жалғыз акционерге Қоғамның тәуекелдері туралы есептілік апта сайын ұсынылады (ақпаратты ұсыну тәртібі мен нысаны);

- Аяқталған жобалардың тәуекелдік талдауы жүргізілді және ақпараттық сессия өткізілді;
- Тәуекелдерді басқару комитетінің 2018–2019 жылдар аралығындағы құжаттарына түгендеу жүргізілді, құжаттар Қоғамның мұрағатына тапсырылды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жұмыстары 2022 жылы жалғасады.

ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР

2021 жылы Қоғам елеулі тәуекелдер тізіліміне және картасына 22 тәуекелді енгізді, оның ішінде «Шар-Құрылыс» ЖШС берешекті төлемеу тәуекелі сыни тәуекел болып табылады.

2021 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша тәуекелдер тізілімінде медиативтік келісімді жасасу және бекітілген талаптар бойынша Қоғам алдындағы міндеттемелердің ішінара орындалуы себебінен «Шар-Құрылыс» ЖШС берешекті төлемеу тәуекелі» П-2 тәуекелінің маңыздылығын төмендетілді.

Осылайша, 2021 жылдың 2-4 тоқсанында Қоғамның сыни аймақта тұрған тәуекелдері жоқ.

2021 жылы Қоғам тәуекелдер мен оларды іске асырудың салдарын барынша азайту бойынша іс-шаралар жүргізді, оның ішінде:

- Объектілердің іске асырылуына тұрақты мониторинг жасау, объектілерді аралау, құрылыс салушылармен іске асыру мерзіміне және инвестициялардың қайтарылуына жаңартылған параметрлері бар шарттарға қосымша келісімдер жасасу;
- Кейіннен сатып алумен жалға беру шарттары бойынша төлемдерді қолмен мониторинг жасау тәуекелдерін азайту үшін жалдау төлемдерін есепке алу жүйесін енгізу;

- Қоғамның меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілеріндегі анықталған ақаулардың жойылуын бақылау және мониторинг жасау;
- Медиативтік келісімдер шеңберінде міндеттемелерді орындау бойынша контрагенттерден түскен ұсыныстарды қарау;
- Проблемалық дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмыс;
- Қоғам қызметкерлері арасында COVID-19 таралуын болдырмау үшін қызметкерлерді вакцинациялаумен барынша қамту қамтамасыз етілді, вакцинация паспорттары алынды. Медициналық рұқсаты бар қызметкерлер апта сайын ПТР тестілеуінен өтеді;
- Әкімшілік ғимараттарда эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу.

Басқа тәуекелдерді азайту бойынша жоспардың іс-шаралары тұрақты негізде жүзеге асырылады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жарғыға сәйкес, Қоғамның органдарына жататындар:

1. Жоғары орган – Жалғыз акционер;
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. Атқарушы орган – Басқарма.

Қоғам Директорлар кеңесі, Басқарма, Жалғыз акционер және басқа да мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қатынастарды орнататын тиімді корпоративтік басқару жүйесін енгізу бойынша шаралар қабылдайды. Осы жүйенің арқасында Қоғам Жалғыз акционердің және оның қызметі әсер ететін басқа да тараптардың мүдделерін қорғай отырып, құндылықты барынша арттыруға бағытталған үздіксіз жұмыс жүргізеді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания үздік әлемдік тәжірибеге негізделіп, дәстүрлі түрде тиімді корпоративтік басқару жүйесін құруға басты рөлді бөледі. Қоғам Корпоративтік басқару кодексін негізгі қағидаттарын орындауды Компанияның ұзақ мерзімді табысты дамуының, оның инвестициялық тар-тымдылығын арттырудың қажетті шарты деп санайды.

Корпоративтік басқару кодексінде тұжырымдалған қағида-даттар Қоғам үшін өзінің ішкі құжаттарын әзірлеудің маңызды көзі және корпоративтік басқарудың үздік тәжіри-бесін дамыту бойынша бағдар болып табылады. Қоғам корпоративтік басқару құрылымының Қазақстан Респу-бликасының заңнамасына және «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінә сәйкес болғанын және басқару органдары арасындағы жауапкершілікті бөлуді

нақты анықтағаны қамтамасыз етуге ұмтылады. Кор-поративтік басқару қағидаттарын орындау Қоғам қыз-метіне объективті талдау жүргізудің тиімді тәсілін құруға көмектеседі. Корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, есеп берушілік, айқындық, кәсі-билік және құзыреттілік негіздеріне құрылады.

Тиімді корпоративтік басқару құрылымы барлық мүд-делі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрмет-теуді қарастырады, Қоғамның табысты жұмыс істеуіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне және нарықтық құнының ұлғаюына, қаржылық тұрақтылық пен табыс-тылықты сақтауға ықпал етеді. Қоғамда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты шаралар қабылдануда.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы бас-шылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің функ-циялары Қоғамның Даму стратегиясын, Бизнес-жоспа-рын бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қоғамның қаржылық-шаруа-шылық қызметіне бақылау жасау және т.б. болып табы-лады. 2021 жылы Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

1) Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешімімен:

- қазіргі Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазы-на» АҚ мүдделерінің өкілі Е.Б. Жанаділдің, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі А.К. Мұратбаевтің және тәуелсіз директор Д.В. Ларио-новтың.
- Директорлар кеңесі үш мүшеден үш жыл өкілеттік мерзіміне сайланды: Айтенов М.Д. – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып, Бердіғұлов Е.Қ. – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып, Тұрлыбеков Н.С. – тәуелсіз директор болып сайланды.

2) Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 та-мыздағы № 36/21 шешімімен:

- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдде-лерінің өкілі М.Д. Айтеновтың және тәуелсіз директор Н.С. Тұрлыбековтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешімімен белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Бердіғұлов Е.Қ. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Сандық-баев Б.А. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директор-лар кеңесінің мүшесі болып, Аманжолов А.А. тәуелсіз директор болып сайланды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында 3 мүше, олар – тәуелсіз директор, Басқарма Төрағасы және Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі.

Бұл ретте, 2022 жылғы 18 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысы өтті, онда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің құрамы туралы келесі шешімдер қабылданды:

1) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы-ның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Сандықбаев Болатқан Айтқожаұлының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар сайланды:

- Тәжіғалиев Мұхтар Өтепқалиұлы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірде-гі № 17/21 шешімімен (№ 17/21 хаттама) белгілен-ген «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланды. Тәжіғалиев Мұхтар Өтеп-қалиұлы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ди-ректорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.
- Қорабаев Елжас Қайратұлы АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешімімен (№ 17/21 хаттама) белгіленген «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Дирек-торлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексін қалғидаттарын сақтау туралы есебімен сіз Қоғамның веб-сайтында танысуға болады: <https://skcn.kz/kz/news/otchet-ostedovaniiprincipam>



«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің толық құрамы туралы ақпаратпен Қоғамның интернет-сайтында танысуға болады: <https://skcn.kz/kz/news/sostav>



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ (2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



БЕРДИҒҮЛОВ ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҮЛЫ

**Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Жалғыз акционердің өкілі**

Туған күні: 1987 жылғы 3 қыркүйек

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына алғашқы сайланған күні: 2021 жылғы 26 сәуір

Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған күні: 2021 жылғы 26 тамыз

Білімі:

2015–2018 жж., University of Warwick, Іскерлік басқару магистрі;

2011–2012 жж., СІМА дипломы: Операциялар тиімділігін басқару және Бизнес тиімділігін басқару;

2007–2010 жж., University of Toronto, «Қоғамдық саясат және халықаралық қатынастар» мамандығы (бағыты – Халықаралық экономика).

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

2021 жылғы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформация жөніндегі тең басқарушы директоры (2022 жылғы ақпаннан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформация жөніндегі басқарушы директоры);

2019 ж. мамыр – 2021 ж. сәуір, Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясында жоба менеджері (әр жылдары аға аналитик, кеңесші болған);

2018 ж. тамыз – 2019 ж. сәуір, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының талдаушысы;

2013 ж. қаңтар – 2018 ж. мамыр, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша). Сондай-ақ әр жылдары аналитикалық қолдау көрсету департаментінің директоры, стратегиялық даму департаментінің директоры, жобаларды басқару департаментінің директоры болған;

2011 ж. сәуір – 2012 ж. желтоқсан, жоба менеджері, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы есептілік жүйесін (БҚЖ) енгізу жөніндегі жобалық кеңесісі.

Қосымша жұмыс істеу және ДҚ-не мүшелік:

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа да еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамында бар.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



САНДИҚБАЕВ БОЛАТҚАН АЙТҚОЖАҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Туған күні: 1960 жылғы 6 мамыр

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2021 жылғы 26 тамыз

Білімі:

Алматы сәулет-құрылыс институты, «Өндірістік және азаматтық құрылыс», 1986 жыл.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

2018 жылғы қарашадан бастап «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 06/22 шешімімен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды).

2018 ж. наурыз – 2018 ж. қараша, «Объектілерді салу компаниясы» корпоративтік қорының Бас директоры;

2016–2018 жж., «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы», «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Бас директоры;

2009–2016 жж., «Астана-Құрылыс» ҰҚК» АҚ президенті.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа да еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамында жоқ.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



АМАНЖОЛОВ АҚТАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

Туған күні: 1975 жылғы 30 тамыз

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 2021 жылғы 26 тамыз

Білімі:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, КЭБ (кәсіпорындағы экономика және басқару);

MBA, Іскерлік басқару магистрі;

Сертификатталған жоба директоры, IPMA Level A.

Соңғы 10 жылдағы жұмыс орны және ұйымдарда атқарған лауазымдары:

1995–2019 жж., BI-Group, соның ішінде:

2007–2019 жж., ӨАҚ өнеркәсіп дивизионының Бас директоры;

2006–2019 жж., «АБК Құрылыс 1» ЖШС Бас директоры;

«Құрмет» ордені, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы.

«Smart Stom цифрлық стоматология орталығы» ЖШС 100% және «Вавилон НВ» ЖШС (құрылыс материалдарын өндіру) 50% қатысу үлесін иеленеді.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ акцияларын иеленбейді.

ДИРЕКТОРЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жарғысының 29-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері; Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 1-бабының 20-тармағына, Жарғыға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі болып айқындалады, ол:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды;
- өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайды; Қоғамның немесе осы Қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес;
- Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған;
- Қоғамның аудитору болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған;

- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- қоғам органдарының отырысында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесін басқа ұйымдардағы және Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдарында қосымша жұмыс істеуі туралы алдын ала хабардар етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды және атқарушы лауазымдарды атқара алмайды.

Жалғыз акционер Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешімімен Қоғамның тәуелсіз директоры болып Аманжолов А.А. сайланды. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор мен Қоғам арасындағы өзара қатынастар Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының 2021 жылғы 26 тамызда жасалған келісімімен реттеледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 130 шешімімен бекітілген, 2019 жылғы 8 қарашадағы № 149 өзгерістері мен толықтыруларымен, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі бағалауды кеңесіні тарта отырып, сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы немесе аралас тәсілді пайдалана отырып жүргізе алады: үдерісті кеңесші үйлестіре отырып, өз күшімен. Жалғыз акционер де өз бағасын дербес немесе кеңесшінің қатысуымен жүргізе алады.

Тәуелсіз бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Бұл ретте, егер есепті кезеңде Қоғамда тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілсе, үдерістердің қайталануын болдырмау мақсатында сол есепті кезең үшін бөлек бағалау жүргізудің қажеті жоқ.

2021 жылы Жалғыз акционер ұқсас халықаралық ұйымдарға қарай корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру мақсатында «PricewaterhouseCoopers» ЖШС тәуелсіз кеңесшілерінің күшімен Қоғамдағы корпоративтік басқарудың сыртқы диагностикасын жүргізді. Сыртқы кеңесшінің бағалауды аяқтауы нәтижесінде одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қоғамда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Қоғамның Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларды тарту саясаты бар, ол Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін олардың біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту бөлігінде айқындайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың 2021 жылға арналған жоспарына, сондай-ақ Қоғамды корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2021–2022 жылдарға арналған жоспарына сәйкес, 2021 жылғы ақпанда Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері «Қазақстанда құрылыс қызметін жүргізу» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысты және 2021 жылғы желтоқсанда тәуелсіз директор да «Құрылыстағы инвестициялық жобаларды басқару» семинарына қатысты.

Директорлар кеңесінің қызметі бекітілген жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

2021 жылы Қоғамда Директорлар кеңесінің 12 бетпе-бет отырысы өткізілді (№ 156–167 отырыстар). Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 111 мәселе қаралды.

2020 жылдың сәуірінен бастап, COVID-19 пандемиясынан туындаған әлемдік экономикалық және қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты шығындарды оңтайландыру мақсатында 2020–2021 жылдар аралығында Директорлар кеңесінің көшпелі отырыстарын өткізу тәжірибесін қысқарту туралы Қордың шешімі негізінде Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстары жартылай бейнеконференция арқылы өтті. Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады (яғни, бейнеконференция сеансы, телефондық конференция байланысы режимінде және т.б.). Бұл тәжірибені 2022 жыл бойы жалғастыру жоспарлануда.



Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылы директорлар кеңесі отырыстарына қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшесі	Тәуелсіз	ДК отырыстарына қатысуы
Бердіғұлов Е.Қ.	жоқ	11-нен 11***
Сандықбаев Б.А.	жоқ	5-нен 5***
Аманжолов А.А.	иә	5-нен 5***
Айтенов М.Д.	нет	6-нан 6**
Тұрлыбеков Н.С.	иә	6-нан 6**
Жанаділ Е.Б.	жоқ	1-нен 1*
Ларионов Д.В.	иә	1-нен 1*
Мұратбаев А.К.	жоқ	1-нен 1*

* «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешіміне сәйкес өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

** «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 17/21 шешіміне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланды, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешіміне сәйкес өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

*** «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН 2021 ЖЫЛЫ ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы отырыстарында оның құзыретіне жататын қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің шешімімен келесі негізгі мәселелер қаралды және бекітілді:

- 2022–2026 жж. арналған Бизнес-жоспар;
- 2021–2030 жж. арналған қаржы стратегиясы;
- «Samruk-Kazyna Construction» Қоғамының 2020 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есебі (шоғырландырылған және жеке);
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ шығарылуға жататын стратегиялық емес активтердің тізбесін бекіту;
- Алматы қ. «Ақкент» ықшамауданында тұрғын үй орамын, Атырау қ. «Француз орамы» тұрғын үй кешенін, «SARANDA» VIP-қалашық тұрғын үй кешенін, Түркістан қ. «Yassy Tower» кеңсе ғимаратын салу;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ облигацияларының шығарылымын бекіту, оларды шығару талаптарын айқындау, қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында, оның ішінде «Энергоинформ» АҚ-мен мүлкіті тапсыру шарты бойынша жер телімін игеру үшін «Samruk-Kazyna Construction» АҚ міндеттемелерін меншікті капитал мөлшерінің он және одан да көп пайызына тең шамаға өтелген және ұлғайтылған кезде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлем алу талаптарын айқындау;
- Жобалау және құрылыс сатысында компаниялардың үлестерін сенімділікпен басқару шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі, пайда алу, Су өңдеу қондырғысының қалдықтарын кәдеге жарату шығындарын үнемдеу және аймақ экологиясына түсетін салмақты азайту мақсатында, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС тиесілі «Су өңдеу және ағындарды тазарту қондырғысы, 1-кезегі» объектісінің аумағында «Қалдықтарды қайта өңдеу және шаруашылық-ауыз су өндірудің бірлескен кәсіпорны» маңызды инвестициялық жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады;
- 2021–2022 жж. арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын бекіту;
- Қоғамның 2018–2028 жылдарға арналған Кадр саясатын іске асыру барысы және 2020 жылға арналған Кадр саясаты бойынша ҚНҚ орындалуы туралы ақпаратты қарау;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2020 жылға арналған жылдық есебін, оның ішінде GRI нұсқаулығына сәйкес әзірленген тұрақты даму саласындағы есепті бекіту;

- Қоғамның 2020 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін орындауы туралы есепті бекіту;
- Қоғамның Директорлар кеңесі мен Корпоративтік хатшысының 2020 жылғы қызметі туралы есебін қарау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмаларына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Қоғамның 2019–2020 жж. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау нәтижелері туралы есепті тыңдау;
- 2020 жылғы нақты мәндері бар Қоғамның басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің карталарын, 2021 жылдың 2-жартыжылдығына басшы қызметкерлер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің уәждемелік карталарын (бұдан әрі – ҚНҚ) бекіту. Басшы және басқарушы қызметкерлердің 2022 жылға арналған ҚНҚ карталарын бекіту Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес қаржы жылы басталғанға дейін жүргізілді;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылаушының, Корпоративтік хатшының болжамды кезеңге мақсаттық карталарын бекіту және олардың есепті кезеңдегі қызметін бағалау;
- 2021 жыл ішінде Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымы қайта қаралды;
- Басқарманың 4 (төрт) мүшесі санында Басқарма құрамын анықтау және жалпы Басқарманың өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 165 шешімімен Қоғам Басқармасының (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттік мерзімі белгіленді – 2021 жылғы 27 қарашадан бастап 3 (үш) жыл, 2021 жылғы 27 қарашадан бастап Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Қоғам Басқармасының мүшелері болып жоғарыда аталған мерзім өткенге дейін өкілеттік мерзімді белгілеумен сайланды, сонымен қатар 2021 жылғы 29 қарашадан бастап өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директор – Қоғам Басқармасының мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылды;
- грейдтеу шеңберінде ұйымдық құрылымның өзгеруіне байланысты лауазымдардың сипаттамасын және бағалауын бекіту, сондай-ақ басшы қызметкерлер мен Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің лауазымдық жалақысының мөлшерін белгілеу.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ:

- тоқсан сайынғы Тәуекелдерді басқару есептерін қарау;
- Қоғамның контрагент банктерінің міндеттемелері бойынша шектерді белгілеу;
- Қоғамның тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын бекіту және оларды өзгерту;
- болжамды жылға тәуекелдік тәбетін, төзімділік деңгейлерін және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-да Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-да Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын жаңа редакцияда бекіту;
- 2021 жылдың желтоқсанында Комплаенс-бақылаушы Директорлар кеңесіне, Басқармаға және Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдарға Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен Жүріс-тұрыс кодексін (сыбайлас жемқорлық мәселелері туралы) Қоғамда қолдану және сақтау бойынша шолу-оқыту өткізді.

СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ:

- жылдық аудиторлық жоспарды бекіту;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің есептерін қарау;
- Ішкі аудит қызметімен Директорлар кеңесінің жабық отырысын өткізу. Бұл отырыстар Директорлар кеңесінің күн тәртібінің шеңберінде жоспарланған. Сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бас аудитору А.С. Исакаовтың өкілеттіктерін 2021 жылғы 29 қазаннан бастап үш жылға ұзарту мәселесі қаралды;
- 2021 жылы сыртқы аудитордың Директорлар кеңесімен кездесулері өткізілді. Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 166 отырысында Қоғамның сыртқы аудиторының 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Қоғамда аудит жүргізуді жоспарлау туралы есебі тыңдалды;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатын жаңа редакцияда бекіту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің қызметін қолдау мақсатында Қоғамда келесі комитеттер құрылды, олардың міндеттеріне өздерінің функционалдық міндеттері шеңберінде мәселелерді қарау және белгілі бір мәселе бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді:

- Аудит комитеті;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер туралы ережелерге сәйкес комитеттердің әрқайсысы жасалған жұмысы туралы есепті Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде береді. 2021 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің санының өзгеруіне байланысты Комитеттердің отырыстары өткізілмеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорларды қоспағанда, өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы беру тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидаларына

сәйкес айқындалады. 2021 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін 5 564 383,56 теңгені құрады.

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма нысанындағы алқалы орган жүзеге асырады. Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған. Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Басқармасы туралы ережеде айқындалады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдық, риясыздық, парасаттылық, сақтық, жүйелілік. Басқарма бетпе-бет дауыс беру түрінде жүйелі отырыстарын өткізеді. Басқарма жанында 3 комитет жұмыс істейді: Қызметі жоспарлау және бағалау комитеті, Тәуекелдерді басқару комитеті, Тұрақты даму комитеті.

Бұл ретте «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 06/22 шешімімен «Samruk-

Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы Сандықбаев Болатқан Айтқожаұлының өкілеттіктері, сондай-ақ онымен еңбек қатынастары мерзімінен бұрын тоқтатылды және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 13/22 шешімімен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы болып Айманбетов Мәулен Зарлықұлы келісіліп, тағайындалды.

Сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен Мұсанов Дархан Қалқабайұлының Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, 2022 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты бұзылды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІ (2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

САНДЫҚБАЕВ БОЛАТҚАН АЙТҚОЖАҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

Туған күні: 1960 жылғы 6 мамыр

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні: 2018 жылғы 27 қараша

Білімі: Алматы сәулет-құрылыс институты, «Өндірістік және азаматтық құрылыс», 1986 жыл

Жұмыс тәжірибесі:

2018 жылдан бастап «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 06/22 шешімімен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды);

2018 жыл – «Объектілерді салу компаниясы» корпоративтік қорының бас директоры;

2016–2018 жж. – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы», «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ бас директоры;

2009–2016 жж. – «Астана-Құрылыс» ҰҚК» АҚ президенті.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.



УАЛИ МАХАББАТ ЖҰМАБЕКҰЛЫ

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1982 жылғы 19 желтоқсан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні: 2021 жылғы 4 мамыр

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ), Алматы қ., экономика және құқық факультеті, 2006 жыл – бакалавриат және магистратура.

Жұмыс тәжірибесі:

2021 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма мүшесі;

2020–2021 жж. – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Сатып алуды санаттық басқару департаментінің директоры;

2015–2020 жж. – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі;

2014–2015 жж. – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС бас директорының м.а.;

2014–2015 жж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС инвестициялық жобаларды дамыту дирекциясы қызметінің басшысы;

2010–2013 жж. – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС мемлекеттік органдармен, қаржы институттарымен және халықаралық инвесторлармен өзара іс-қимыл департаментінің бас менеджері;

2008–2010 жж. – «KEGOC» Қазақстан электр желілерін басқару компаниясы» АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» Жобаларды басқару департаментінің бас маманы;

2007 жыл – «Еуразиялық банк» АҚ ШОБ Несиелеу департаментінің жетекші маманы.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды.



МУСАНОВ ДАРХАН ҚАЛҚАБАЙҰЛЫ

Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1984 жылғы 28 қаңтар

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні:

2020 жылғы 25 тамыз

Білімі:

Абай атындағы ҚазҰПУ (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті), заң факультеті, 2006 жыл.

Жұмыс тәжірибесі:

2020 ж. – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі («Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 168 шешімімен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Сатып алу және объектілерді басқару жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды);

2019–2020 жж. – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Сатып алу және объектілерді пайдалану департаментінің директоры;

2018–2019 жж. – «Объектілерді салу компаниясы» корпоративтік қорының материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің директоры;

2016–2018 жж. – «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің директоры;

2011–2016 жж. – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Штаттағы құрама командалар және спорттық резерв дирекциясы» РМҚК мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы;

2009–2011 жж. – «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ Құқықтық және кадрлар жұмысы басқармасының заң бөлімінің бас маманы;

2009 жыл – «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы;

2007–2009 жж. – «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ заң бөлімінің бас маманы, заң кеңесшісі.

Қоғамдық жұмыс: Нұр-Сұлтан қ. Велоспорт федерациясының президенті.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды.



ИЛИЯС МАРАТ ЖАҒЫПАРҰЛЫ

Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1985 жылғы 10 наурыз

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Басқарма құрамына сайланған күні:

2020 жылғы 25 тамыз

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң университеті, заң факультеті – 2007 жыл, мамандығы – құқықтану;

Қарағанды «Болашақ» университеті, академиялық дәрежесі – заң ғылымдарының магистрі, 2012 жыл.

Жұмыс тәжірибесі:

2020 жыл – қазіргі уақытта – Операциялық қызмет жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі;

2018–2020 жж. – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Әкімшілік-құқықтық департаментінің директоры;

2018 жыл – «Объектілерді салу компаниясы» КҚ Әкімшілік-құқықтық департаментінің директоры;

2017–2018 жж. – «Астана ЭКСПО-2017 Құрылыс дирекциясы» филиалының құқықтық қамтамасыз ету және еңбекті қорғау қызметінің басшысы;

2016–2017 жж. – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының Әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас менеджері;

2015–2016 жж. – «Астана ЭКСПО-2017 құрылыс дирекциясы» филиалының Әкімшілік-құқықтық бөлімінің менеджері;

2014–2015 жж. – Әуезов ауданы прокурорының көмекшісі, Алматы қ. прокуратурасы;

2012–2014 жж. – Алматы қ. бойынша Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу департаментінің (қаржы полициясы) көлеңкелі экономика саласындағы қылмыстарды ашу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторы, Сыбайлас жемқорлық істерін ашу және алдын алу басқармасының 2-бөлімінің аға инспекторы;

2009–2012 жж. – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің Кадрлар және ішкі қауіпсіздік басқармасының сарапшысы (бастығының міндетін атқарушы);

2009 жыл – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау басқармасының сарапшысы;

2008–2009 жж. – «BET and Com» ЖШС директордың заң мәселелері жөніндегі орныбасары;

2007–2008 жж. – «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік ғимаратының дирекциясы» РМҚК ұйымдастыру-кадрлар басқармасының сарапшысы, құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету секторының меңгерушісі, кеңесшісі.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акциялары жоқ.

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

2021 ЖЫЛҒЫ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылы Басқарманың 38 отырысы бетпе-бет тәртіппен өткізіліп, онда 247 мәселе бойынша шешім қабылданды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ

Басқарма мүшесі	Басқарма отырыстарына қатысуы
Сандықбаев Б.А.	38-нен 38
Ілияс М.Ж.	34-нен 34
Уали М.Ж.	26-нан 26*
Құсайынов А.А.	33-нен 33**
Мұсанов Д.К.	36-нан 36
Досжанов Д.К.	12-нен 12***

* Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 157 шешімімен Басқарма мүшесі болып сайланды.

** Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы № 165 шешіміне сәйкес Басқарма мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

*** Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 157 шешіміне сәйкес Басқарма мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылды.

БАСҚАРМА 2021 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАҒАН НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕР:

- Қоғамның 2020–2024 жж. арналған Бизнес-жоспарының атқарылуы туралы есептер, оның ішінде 2020 жылға арналған Жылдық бюджеттің атқарылуы туралы есеп және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қаржылық есептілігін егжей-тегжейлі талдау мәселелері бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022–2026 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы;
- «СК Девелопмент» ЖШС 2022 жылға арналған Бизнес-жоспарының және Жылдық бюджетінің жобасын мақұлдау мәселесі бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021–2030 жж. арналған қаржылық стратегиясын мақұлдау мәселесі бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2020 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) мақұлдау мәселесі бойынша;
- құрылыс жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру үдерісінде туындайтын мәселелер бойынша;
- уақытша бос ақшаны орналастыру бойынша;
- коммерциялық үй-жайлар мен тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлерді жалға беру бағасы мен құнын бекіту туралы;
- «СК Девелопмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 49% қатысу үлесін сатуды алдын ала мақұлдау бойынша;
- «Нұр-Сұлтан қ. 2 – Мыңжылдық аллеясында көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы», «Ақтөбе қ. «Бавария-2» тұрғын үй кешенінің құрылысы», «Алматы қ.
- «Ақкент» ықш. тұрғын үй орамының құрылысы», «Атырау қ. «Француз орамы» тұрғын үй кешенінің құрылысы», «Нұр-Сұлтан қ. «Saranda VIP-қалашығы» тұрғын үй кешенінің құрылысы», «Нұр-Сұлтан қ. ЭКСПО ауданындағы тұрғын үй кешенінің құрылысы» инвестициялық жобаларын іске асыру мәселелері бойынша;
- «Нұр-Сұлтан қ. керамикалық санитарлық фаянс, шыны мақта және газ блоктарын (еуроблоктар) шығаратын зауыттар салу» жобасының тұжырымдамасын алдын ала мақұлдау мәселесі бойынша;
- «Сыртқы электрмен жабдықтау. 220 кВ ЭЖ мен 220 кВ ҚС, БГТЭС-тен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС ОТҚ-3 АТҚ дейін электрмен жабдықтаудың екінші тәуелсіз көзін салу» жобасын іске асыруды алдын ала мақұлдау мәселесі бойынша;
- кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жіберілетін мәселелер мен ішкі нормативтік құжаттарды алдын ала қарау және бекіту туралы;
- жарғылық капиталдағы үлестері, акциялары «Samruk-Kazyna Construction» АҚ сенімділікпен басқаруына тапсырылған ұйымдардың қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша;
- Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметін реттейтін ішкі құжаттарды, оның ішінде: штат саны мен ұйымдық құрылымды мақұлдау және бекіту туралы;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма құрамын өзгерту мәселесі бойынша;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін мақұлдау мәселесі бойынша;

- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ереже;
- Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімдер;
- Еңбек тәртібі қағидалары;
- Әкімшілік-басқару персоналын іздеу және іріктеу қағидалары;
- Комплаенс тәуекелдерін басқару саясаты;
- Жобаларды басқару үшін сыйақы беру саясаты;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрғын үй/тұрғын үй емес (коммерциялық) құрылыс жобаларын таңдау және қарау саясаты;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Негізгі тәуекел көрсеткіштеріне ай сайынғы негізде мониторинг жүргізу;
- 2021 жылға арналған бірінші кезектегі сатып алулар тізбесін бекіту және т.б.



ІШКІ АУДИТ

Қоғамда ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан бөлінген ішкі аудиттің жалпы танылған үлгісі бар. Ішкі аудит адалдық пен тәуелсіздікті қамтамасыз ететін арнайы функционалдық-әкімшілік бағыну және есеп беру режимінде болады. Ішкі аудит қызметі аудиторлық тексерулер мен кеңес берулер барысында ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі әрі дәйекті тәсілді қолдану арқылы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге жәрдемдесу үшін құрылған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Ішкі аудит қызметі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін бағалайды;

- Қоғамда тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін қолданудың толықтығын және тиімділігін бағалайды;
- қабылданған корпоративтік басқару қағидаларын, Қоғамның тиісті этикалық стандарттарын мен құндылықтарын жүзеге асырылуын және сақталуын бағалайды және т.б.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметінің негізгі көрсеткіштерін жыл сайын бекітеді. Ішкі аудит қызметінің есебі Қоғамның Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде ұсынылады. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған, қолданыстағы Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын және Ішкі аудиторлардың әдеп кодексін ескереді және Қоғамда бекітілген ішкі аудит жөніндегі жергілікті нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. 2021 жылы Ішкі аудит қызметі 12 жоспарлы тапсырманы және 3 жоспардан тыс аудиторлық тапсырманы және кеңес беруді орындады. Жүргізілген бағалау және аудит нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі өз құзыретіндегі кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар мен түсініктемелер әзірлейді. Біліктілікті арттырудың жылдық жоспарына сәйкес Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері біліктілігін жетілдіру және арттыру мақсатында семинар мен тренингтерден өтті. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы Ішкі аудиторлар институты мүшелерінің кездесулеріне тұрақты түрде қатысады.



ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Қоғамда Тұрақты даму саясатын іске асырудың мақсаттары:

- Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салалардағы тұрақты дамуына Қоғамның үлесін арттыру;
- мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді дамыту және олардың Қоғамға деген сенімін арттыру;
- еңбек тиімділігін арттыру және Қоғам қызметкерлерінің әлеуетін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- корпоративтік басқару жүйесін дамыту, бизнес-үдерістердің ашықтығын арттыру.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мойындай отырып, Қоғам өз қызметінде келесі қағидаттарды ұстанатынын мәлімдейді.

Қоғам өз қызметінде келесі қағидаттарды ұстанатынын мәлімдейді:

Адам құқықтарын қорғау саласында	<ul style="list-style-type: none"> • халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді және құрметтейді; • адам құқықтарын бұзуға қатысы жоқтықты қамтамасыз етеді.
Еңбек қатынастары саласында	<ul style="list-style-type: none"> • жиналыстар бостандығын қолдайды және ұжымдық шарттар жасасу құқығын таниды; • міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті жоюға ықпал етеді; • балалар еңбегін жоюға ықпал етеді; • еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.
Қоршаған ортаны қорғау саласында	<ul style="list-style-type: none"> • қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алуға ықпал етеді; • бастамаларды қабылдайды және экологиялық жауапкершіліктің таралуына ықпал етеді; • экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға ықпал етеді.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында	<ul style="list-style-type: none"> • сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, оның ішінде болсау мен парақорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Тұрақты даму саласындағы саясатына сәйкес Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылған, оған келесілер кіреді:

- Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына берілгендік;
- ішкі және сыртқы жағдайды үш құрамдас бөлікте талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);
- әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда тұрақты дамудағы тәуекелдерді анықтау;
- мүдделі тараптар картасын құру;
- тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу;
- тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және т.б. қоса алғанда, тұрақты дамуды негізгі үдерістерге, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешім қабылдау үдерістеріне біріктіру;
- тұрақты даму саласында лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- тұрақты даму саласындағы қызметтің жүйелі мониторингі мен бағалауы, мақсаттар мен ҚНҚ қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу.

Осы салада 6 ҚНҚ белгіленді, айта кету керек, төменде аталған ҚНҚ 2021 жылы Директорлар кеңесімен басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін бекітілген:


- Еркін ақша ағыны;
- Тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату;
- NAV;
- Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттар коэффициентінің төмендеуі (LTIF);
- Жобалар бойынша инвестициялар мен маржаның қайтарылуы;
- 2022 жылға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іс-шараларының орындалу дәрежесі.

Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер мен барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады. Қоғам Басқармасы жанынан сабағаттық-кеңесші орган – Тұрақты даму комитеті құрылды, оның негізгі міндеті тұрақты даму саласындағы саясат пен рәсімдерді әзірлеу, сондай-ақ Басқарманың қарауына тұрақты даму жүйесін іске асыру жөнінде ұсыныстар

шығару болып табылады. Комитет Төрағасы – тұрақты дамуға жетекшілік ететін басқарушы директор. Тұрақты даму саласындағы есепте біз қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға әсеріміз (оң және теріс) туралы ақпаратты ашуға ұмтыламыз. Осы бағыттар бойынша қабылданатын шаралар Қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығына қол жеткізу, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан ең үлкен оң нәтиже береді. Тұрақты даму саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғам Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары аясында тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруды қарастырады. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарында талқыланды. 2022 жылы Корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2022–2023 жылдарға арналған жоспарын бекіту жоспарлануда.

Тұрақты даму саласындағы есептің мазмұнын белгілеу үшін жыл сайын тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізіледі. 2022 жылдың қаңтарында GRI Standards сәйкес стейкхолдерлер арасында сауалнама жүргізілді, олар: акционердің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, қызметкерлер, еншілес ұйым, инвесторлар, тапсырыс берушілер, бас мердігерлер, сенімділікпен басқарудағы кәсіпорындар, сатып алушылар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, БАҚ, жеткізушілер, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар, қаржы институттары. Сауалнама нәтижелері бойынша Қоғам мен стейкхолдерлер үшін аспектілердің маңыздылығы арасындағы байланысты бейнелейтін Анықталған аспектілердің маңыздылық матрицасы әзірленді. Матрицаның көлденең осінде аспектілер Қоғам үшін маңыздылық дәрежесіне қарай, ал тік ось бойынша мүдделі тараптардың бағалауына қарай сараланады. Маңызды аспектілердің саралауы олардың басымдықтарын нақты түсіну негізінде стейкхолдермен өзара әрекеттесуді сындарлы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

АНЫҚТАЛҒАН АСПЕКТІЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Сауалнама нәтижелері бойынша, тиісті стандарттары бар келесі тақырыптар ең маңызды және мағыналы болып шықты.

Экономикалық:

- Экономикалық нәтижелілік;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Экологиялық:

- Талаптарға сәйкес келу.

Әлеуметтік:

- Жұмыспен қамтылу;

- Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қатынастары;
- Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік;
- Дайындық және білім;
- Әйелдер мен ерлерге бірдей сыйақы беру;
- Кемсітушілікке жол бермеу;
- Мемлекеттік саясат;
- Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер.

«SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРІНІҢ КАРТАСЫ



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Қоғам мүдделі тараптармен құрмет пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға ұмтылады.

Қоғам стейкхолдерлердің үлесін және олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі барысында өзара әрекеттесетін мүдделі тараптардың толық тізімін белгілейді. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде стейкхолдерлер Қоғам үшін маңыздылығы жағынан екі фактор бойынша сараланады: мүдделі тараптың Қоғамға әсер ету күші және стейкхолдердің Қоғам қызметіне қызығушылық дәрежесі.

Қоғамның мүдделі тұлғалары (стейкхолдерлері) – Қоғамның тұрғын үй-жайларын сатып алушылар мен жалға алушылар, Қоғамның қызметкерлері, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі, еншілес және тәуелді ұйымдар, бас мердігерлер мен құрылыс салушылар, сенімділікпен басқарудағы кәсіпорындар, тапсырыс берушілер, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары, бұқара ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерді пайдаланушылар.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидаттары, механизмдері және рәсімдері Әдеп кодексінде, Тұрақты даму саясатында және Стейкхолдерлер картасында тұжырымдалған.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
1	Жалғыз акционер Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге сыруды қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғамның Жарғысының, ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, Қоғамның жоспарлары, жетістіктері туралы қосымша ақпаратты, есептерді, презентацияларды орналастыру үшін Қоғамның корпоративтік сайты мен әлеуметтік желілерін пайдалануға болады. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Кездесулер. Интернет сайт. Хат алмасу мен сұраулар.
2	Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің басым бағыттарын, Даму стратегиясын белгілеу.	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына (қажет болған жағдайда) сәйкес жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру. Директорлар кеңесінің отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп.
3	Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқару	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру (қажет болған жағдайда). Басқарма отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Хат алмасу мен сұраулар.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
4	Қызметкерлер	
	Білікті және ынталы персоналды қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі барысында өз әлеуетін іске асыруға тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін бейтарап және әділ бағалау, қызметкерлерді тек кәсіби қабілеттері, білімдері мен дағдылары негізінде іріктеу және олардың мансаптық өсуі.	Қоғамның кадр саясатын іске асырылуына, қызметкерлерді конкурстық іріктеу нәтижелерін жариялауға ақпараттық қолдау көрсету үшін интернет-ресурстарды, атап айтқанда корпоративтік сайтты пайдалануға болады. Басшылықтың қызметкерлермен кездесулері. Тренингтер мен семинарлар. Корпоративтік іс-шаралар. Жылдық нәтижелілікке шолулар. Сауалдау және сауалнамалар. Корпоративтік БАҚ.
5	Тең инвесторлар	
	Пайда табу мақсатында жобаларды жүзеге асыруға инвестиция тарту.	Құрылысқа жеке секторды тартудың шетелдік және отандық тәжірибесі туралы ақпаратты тарату, Қоғамның мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытуы, іскерлік іс-шараларға (бизнес-форумдар, конференциялар, іскерлік кеңестер, көрмелер және т.б.) қатысу интернет-ресурстар арқылы, атап айтқанда. корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ. Жобалау мәселелері. Шарттар.
6	Бас мердігерлер	
	Құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Жобалау мәселелері. Іскерлік серіктестермен және жеткізушілермен кездесулер. Конференциялар мен іс-шараларға бару.
7	Сенімділікпен басқарудағы кәсіпорындар	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Жобалау мәселелері. Шарттар. Есептер мен хат алмасу.
8	Тапсырыс берушілер	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз мәлімдемелерін, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да материалдарды орналастыру арқылы мақсатты аудиторияны Қоғамның жобаларды іске асыруы туралы ақпараттандыру. Шарттар. Есептер мен хат алмасу.
9	Жеткізушілер	
	Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Жасалып жатқан сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарламалар интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылады. Шарттар. Сатып алу ережелері және жасалып жатқан сатып алулар туралы ақпарат. Жеткізушілердің жүгінулерін қарау.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Өзара әрекеттесудің әдістері мен механизмдері
10	Сатып алушылар/ жалға алушылар	
	Сатып алушылардың/жалға алушылардың ҚР ҚНЖЕ сәйкес сапалы және қолжетімді тұрғын үйді алудағы күтулерін, жайлылық, қауіпсіздік және үнемділік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.	Корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді, электрондық ақпараттық бюллетеньдерді, e-mail жөнелтуді, мессенджерлерді, Басқарма Төрағасының блогын пайдалану арқылы баспасөз мәлімдемелерін, мақалаларды, есептерді, сауалнамалар мен басқа да ақпараттық хабарламаларды жариялау, сондай-ақ call-орталық арқылы кеңестер беру, арнайы іс-шаралар, акциялар, жарнамалық науқандар және т.б. өткізу жолымен мақсатты аудитория арасында Қоғам қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу. Жалға беру/сатып алумен жалға беру/сату туралы шарттар. Клиенттердің қанағаттануына шолу. Үй-жайларды жалға алушылардың қанағаттану деңгейін анықтау.
11	Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар	
	Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару, объектілер құрылысына мониторинг жүргізу, техникалық аудит жүргізу, мемлекеттік сараптама, объектілерді пайдалануға қабылдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру. Жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған адамдарға пайдалануға берілген тұрғын үйлерді сату туралы келісімдер жасасу.	Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы Қоғам қызметін (кеңестер, кездесулер, жария тыңдаулар, сұхбаттар, сөз сөйлеулер, жұмыс топтары, форумдар, конференциялар және т.б.) ақпараттық жариялау үшін интернет-ресурстарды, атап айтқанда корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді пайдалануға болады. Хат алмасу мен сұраулар. Заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс жасау. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.
12	БАҚ, Қоғамның әлеуметтік желілерді пайдаланушылары	
	Қоғамның қызметі туралы қоғамның оң пікірін қалыптастыру.	PR бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы ақпараттық қызметті ұйымдастыру, баспасөз мәлімдемелерін, жарияланымдарды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейнероликтерді, презентацияларды БАҚ-та, корпоративтік сайтта және әлеуметтік желілерде тарату арқылы мақсатты аудиторияға Қоғамның күшті жақтары мен мүмкіндіктері туралы хабардар ету. Интернет сайт. Баспасөз мәлімдемелері, баспасөз мәслихаттары және брифингтер. Жылдық есеп. Конференциялар мен саммиттер.
13	Қаржы институттары	
	Шарттарды жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау (депозиттік шоттарға ақшалай қаражат орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).	Шоғырландырылған қаржылық есептілікті, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және басқа да ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында жариялау. Шарттар. Қаржы институттарында ақшалай қаражатты орналастыру.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

2018 жылғы 17 мамырда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Комплаенс-бақылаушы тағайындалды.

Қазақстан Республикасының комплаенс саласындағы заңнамасы, «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясының референстік үлгісі және Қоғамның Комплаенс-бақылаушы туралы ішкі нормативтік құжаттары шеңберінде ол сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына ішкі нормативтік құжаттарды қарастырады және талдайды, комплаенс тәуекелдеріне ұшырағыш Қоғамның бизнес-үдерістерін сәйкестендіреді және бағалайды, сыбайлас жемқорлық және беделді тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.

әзірленіп, бекітілді, іс-шаралардың жауапты орындаушылары мен жүзеге асыру мерзімдері белгіленді – жоспарланған кезең 2022 жыл.

Қаржылық бақылау шараларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғалардың активтері мен міндеттемелері, кірістері мен мүлкі туралы декларацияларды уақтылы тапсыруларына қатысты түсіндіру іс-шаралары жүргізілді, декларацияларды тапсыруды растайтын құжаттардың ұсынылуына бақылау қамтамасыз етілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау және мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты ашу қажеттілігі туралы тұлғалардың назарына жеткізуді, үлестес тұлғалардың тізімін қалыптастыруды бақылау қамтамасыз етіледі, үлестес тұлғалардың тізімі Қаржылық есептілік депозитарийінде уақтылы орналастырылуына бақылау жүзеге асырылады, CEO-1 қатысты үлестестікке және мүдделер қақтығысының болдырмау мақсатында Қоғам қызметкерлеріне тұрақты негізде кеңес беру жүргізіледі.

2021 жылы «жедел желіге» және басқа да ресми арналар арқылы келіп түскен өтініштердің, шағымдардың 100% қаралуы қамтамасыз етілді, белгіленген мерзімде өтініштер бойынша ішкі тексерулер жүргізілді, жауаптар жолданды, ақпарат тиісті тұлғалардың назарына жеткізілді, бұзушылық расталған жағдайда Қоғам басшылығына бұзушылыққа жол берген тұлғаларға тиісті шаралар қолдану қажеттігі туралы ақпарат жолданды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы талаптарының және бекітілген комплаенс саясаттарының сақталуына мониторинг тұрақты негізде жүргізілуде.

Комплаенс-тренингтер өткізу, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Әдеп кодексін білуге тестілеу өткізу арқылы Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс жыл сайын жалғасуда, сонымен қатар Қоғам қызметкерлері арасында «жедел желі» жұмысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен байланысты іс-шаралар мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес 2021 жылы кепілзаттың (кепілдердің, үлестердің) құнын анықтау тәртібі мәселелері, кадрлық HR басқару бизнес-үдерісі, сатып алуды басқарудың бизнес-үдерістері және басқа да үдерістер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді, іс-шаралар жоспарлары

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҚОЛДАУ

Бекітілген Даму стратегиясына сәйкес Қоғам жобаларды, құрылысты және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін жеткілікті ресурстары, кең ауқымды сенімді серіктестері, сондай-ақ құзыреті мен тәжірибесі бар ұйым болуға ұмтылады. Осыған байланысты Қоғам мемлекет тұрғын үй құрылысы саласында жүзеге асырып жатқан саясатты қолдайды. Қоғам бизнес ұсынылған экономи-

ка салаларына сектордың араласпауын жариялайтын Yellow Pages Rule қағидаттарын сақтайды. Квазимемлекеттік компания ретінде Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырады.

ЖЕТКІЗУЛЕРДІҢ ЖАУАПТЫ ТІЗБЕГІ

Қоғамның сатып алу саласындағы негізгі мақсаты – барлық бөлімшелердің тұрақты жұмыс істеуі үшін ресурстарға қажеттілікті, оларды сатып алудың оңтайлы жағдайларымен уақтылы, тиімді және толық қамтамасыз ету. Қоғамда ақпараттық ашықтық, айқындық, теңдік және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттарына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған. Сатып алу рәсімдері ашық, айқын, стандартталған және қарапайым. Қоғамның сатып алу қызметінің басым бағыттары: «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобындағы Мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу; «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алына-

тын тауарларды тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу; сатып алуды білікті әлеуетті жеткізушілерден жасау. Қоғамда жеткізушіні таңдау келесі тәсілдермен жүзеге асырылады: ашық тендер өткізу (соның ішінде төмендетуге сауда-саттықты пайдалана отырып); баға ұсыныстарын сұрату (соның ішінде төмендетуге сауда-саттықты пайдалана отырып); бәсекелестік келіссөздер арқылы тендер өткізу; бір көзден алу. Қоғам қызметі бағыттарының бірі – әкімшілік ғимараттарды пайдалану. Қоғамның сенімділікпен басқаруында «Жасыл орам» Т4 БО әкімшілік ғимараты бар. Ғимараттың жалпы ауданы 32 706,8 ш. м құрайды. Қоғамның меншігінде Мәңгілік ел, 10 мекенжайында орналасқан «Қазына Тауэр» БО әкімшілік ғимараты бар, жалпы ауданы 15 121 ш.м.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУДІ БАСҚАРУ

Қоғам экологиялық тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттілігін түсіне отырып, қоршаған ортаны қорғау қызметін ағымдағы жұмысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Құрылыс сапасын бақылау шеңберінде Қоғам құрылыс салушылардың құрылыс алаңдарында түзілетін қоршаған ортаға жанама шығарындыларға мониторинг жүргізеді. Ауа ортасы құрылыс объектінен үлкен теріс әсер көреді. Жағдайды көбінесе құрылыс алаңдарының тұрғын үй құрылысына жақын жерде орналасып, құрылыс салынған аумақтардың атмосфералық ауасына және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін ошақтарды құрайтындығы қиындатады. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары құрылыс алаңының аумағын инженерлік дайындаудан бастап аумақты абаттандыру мен көгалдандыруға дейінгі құрылыс үдерісінің барлық кезеңдерінде пайда болады. Құрылыс алаңдарында атмосфераны ластау көздері: құрылыс машиналары мен механизмдері – автокрандар, экскаваторлар, грейдерлер, самосвалдар, борттық машиналар, бетон сорғылар және бетон араластырғыштар, катоктар, асфальт төсегіштер, автогудрондауыштар, дизель генераторлары, дәнекерлеу аппараттары, кескіш станоктар, ажарлауыш машиналар және т.б. Қоғамның құрылыс объектілері әртүрлі дәрежеде атмосфераға теріс әсер етеді және бәрінен бұрын бұл орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлеміне байланысты. Қазақстан Республикасының заңнамасы қоршаған ортаға зиянды заттардың эмиссияларын реттейді. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодексінің ере-

желеріне сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем алынады. Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) одан тыс қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады: ластаушы заттардың шығарылуы; ластаушы заттардың тасталуы; өндіріс және тұтыну қалдықтарының орналастырылуы. Қоғам құрылыс салушылардың объектіні салу кезінде ластануды кешенді бағалауды міндетті түрде жүргізуін және олардың өздеріне алған міндеттемелер мен нормативтерді орындауын қадағалайды. Жұмыс жобаларын зерттеу кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы ақпарат және экологиялық салдарлар туралы мәлімдемелер талданады. Сонымен қатар, құрылыс салушылардың облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларынан объектілерді салу кезінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алғанын тексеру жүргізіледі.

КАДРЛАР ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ

Персонал – Қоғамның негізгі активі, оның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі стратегиялық серіктесі. Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен портфельдік компанияларда адам ресурстарын басқарудың корпоративтік стандартының негізінде референстік үлгіге сәйкес адам ресурстарын басқару бөлігінде негізгі бизнес-үдерістер жаңартылады. Қызметкерлердің қатыстырылуын бағалау жыл сайын жүргізіледі. 2021 жылы қатыстырылу индексі 86% (2020 жылы – 63%) құрады. Бұл көрсеткіш 23%-ға жақсартылып, оң аймақта тұр. Қоғамның адам ресурстарын басқару бөлігіндегі басым бағыттары – Қоғамның алдында тұрған міндеттерді іске асыру үшін тиісті кәсіби құзыреттілігі бар мамандарға Қоғамның қа-

Ұйымның ауқымы

Көрсеткіштің атауы	2021 жылғы 1 қаңтарда	2022 жылғы 1 қаңтарда	2020 ж. қарай %-бен
Қызметкерлердің штат саны, барлығы (бір.)	95	95	100,0%
Нақты саны, барлығы (бір.)	83	88	106,0%
Орташа тізімдік саны, барлығы (бір.)	109,5	83,9	76,6%

Қажетті дағдылары мен құзыреттері бар мамандарды тарту мақсатында Қоғамда кадрларды іздеу және іріктеу бойынша ашық конкурстық рәсімдер жүргізіледі. Барлық бос жұмыс орындары «Самұрық-Қызмет» – «QSamruk» корпоративтік сайтында орналастырылады. 2021 жылы

жеттілігін қанағаттандыру, құрылыста жобаларды басқару саласындағы құзыреттерді дамыту, инвестициялық жобаларды тарту және іске асыру, Қоғам қызметінің табыстылығын арттыру. Қоғамның кадрлық саясатының маңызды бағыттарының бірі – қызметкерлерді дамыту және қызметкерлерге кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндігін беру, қызметкерлердің жоғары еңбек өнімділігінің корпоративтік мәдениетін енгізуге уәждемесін арттыру. Цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, қашықтықтан оқыту курстары, вебинарлар және жұмыс орнында оқыту сияқты оқыту әдістері белсенді түрде қолданылуда.

32 қызметкер конкурстық рәсімдер арқылы жұмысқа қабылданды. Барлық үміткерлер «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің порталы арқылы кәсіби білімдерін тестілеу және одан әрі дамуға әлеуетін бағалау рәсімдерінен өтеді.

ЖҰМЫСКЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қызмет тиімділігіне тұрақты шолулар – 100%. Басшы қызметкерлер (Басқарма мүшелері) бойынша жылға арналған қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) Директорлар кеңесі бекітеді, сонымен қатар жыл соңында ҚНК көрсеткіштерін орындау бағаланады. Директорлар кеңесіне бағынатын қызметкерлердің жұмысын (4 қызметкер) жыл басында бекітілген ҚНК негізінде Директорлар кеңесі бағалайды.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері әр қызметкердің жылға арналған мақсаттар картасын бекітуі арқылы қызметкерлерге каскадты түрде беріледі. Қызметті бағалау тиімділігіне шолу жарты жылдағы мақсат картасының орындалуына мониторинг жасау және қызметкерлердің бір жылдағы қызметін кешенді бағалау арқылы жүзеге асырылады.

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ

Кәсіби оқыту үдерісіне қойылатын талаптар Қоғам қызметкерлерін кәсіби оқыту және дамыту қағидаларында реттеледі.

Қазақстан Республикасында КВИ таратпау және қорғау бойынша карантиндік шаралардың қабылдануына байланысты 2021 жылы қызметкерлерді оқыту онлайн форматта жүргізілді. Қоғамның барлық қызметкерлерін оқытумен қамту және қызметкерлер әзірлеген Жеке даму

жоспарларына сәйкес оқу мен даму қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында қызметкерлерге «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің оқыту порталына

қолжетімділік қамтамасыз етілді және де Қазақстан Республикасының жетекші оқу орталықтары ұсынатын онлайн курстардан өту мүмкіндігі берілді.

2021 жылғы қызметкерлерді оқыту туралы ақпарат (сағаттар)

302

Қызметкерлерді оқытудың орташа жылдық сағаты

160

Әйелдер

142

Ерлер

84

Басшы және басқарушы қызметкерлер

104

Орта буын жетекшілері

114

Бас менеджерлер мен менеджерлер

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ

Қоғамда жүзге асырылып жатқан барлық маңызды жобалар бойынша Басқарма Төрағасының қызметкерлерге арналған үндеуі қалыптастырылады. Осылайша, 2021 жылы Қоғам қызметкерлеріне арналған үндеу корпоративтік мәдениетті дамыту жобаларына, сондай-ақ персоналды қатыстыру туралы сауалнамаға қатысты болды. Сонымен қатар, қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас аясында Қоғамда тұрақты түрде:

- басшы қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінің қатысумен операциялық қызмет мәселелері бойынша апта сайынғы аппараттық кеңестер;
- функционалдық міндеттерді орындау мәселелері және есепті кезеңге бекітілген мақсат карталарына

қол жеткізу бойынша құрылымдық бөлімшелердің барлық қызметкерлерімен Басқарма Төрағасының жартыжылдық кездесулері;

- қызметкерлердің мәселелерін, қиындықтарын және ұсыныстарын бейресми жағдайда талқылау үшін тоқсан сайын «Галстуксыз кездесулер» форматында басшылықтың еңбек ұжымымен кездесулері өткізіледі. Басшылықтың апта сайынғы негізде қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдау сағаттары белгіленген.

Қоғамда Қоғам қызметінің ағымдағы мәселелерін талқылау және алқалық шешімдер қабылдау үшін комитеттер мен жұмыс топтары әрекет етеді.

УӘЖДЕМЕ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның еңбекақы төлеу жүйесі Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларымен реттеледі, оның мақсаты қызметкерлерді есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері үшін көтермелеуге және қызметкерлердің өз мақсаттарына жетудегі тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін еңбек ақысын төлеу жүйесін орнату арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады. 2021 жылы Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін лауазымдарды грейдтеу және еңбекақы нарығына талдау жасалды, басшы және әкімшілік қызметкерлер лауазымдарына белгіленген грейдтерді ескере отырып, еңбекақы төлеу жүйесі енгізілді. Қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың түрлері мен шарттарын айқындайтын Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары жаңартылды.



Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдаудың келесі түрлері көрсетіледі:

- материалдық көмек;
- өтемақы шығындары;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру;
- фитнес сабақтарына клубтық карталарды сатып алу ақысын Қоғамның аванстық төлемдері арқылы бөліп төлеу мүмкіндігі.

Қоғамда ерлер мен әйелдердің еңбегі үшін бірдей сыйақы беру қарастырылған.

Қызметкерлердің қызметін бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлерге жалақының ауыспалы бөлігін төлеуге жоспарланған қаражат шегінде сыйлықақы төлеу түрінде сыйақылар қарастырылған.

Құрылысшылар күні кәсіби мерекесіне және Тәуелсіздік күніне орай Қоғамның үздік қызметкерлері құрмет грамоталары мен төсбелгілермен марапаттауға ұсынылады, оның ішінде мемлекеттік марапаттармен марапаттауға ұсынулар жолданады.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғам қызметкерлердің денсаулығына, еңбек жағдайларына және жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жеке денсаулық әлеуетін арттыру үшін Қоғамда:

- медициналық сақтандыру қызметтеріне қолжетімділік беріледі (ауру жағдайына сақтандыру), оның ішінде тәуліктік кеңесші-диспетчерлік қызмет (call-centre), жедел жәрдем қызметтері, стационарлық емдеу, амбулаториялық-емханалық көмек, қызметкерді медициналық-профилактикалық тексеру; үйдегі отбасылық дәрігердің және мейірбикенің қызметтері, стоматология қызметтері, тұмауға қарсы вакцинация және т.б.;
- еңбек демалысына сауықтыруға арналған жәрдемақы түрінде қаржылық қолдау көрсетіледі;
- әкімшілік ғимараттағы спорттық жабдықтары бар бөлмелерді және спорт мекемелеріне бару үшін жеңілдіктер сатып алу мүмкіндігін беру арқылы қызметкерлерді салауатты өмір салтын сақтауға ынталандыру және нығайту бойынша жүргізіліп жатқан саясатқа көмек көрсетіледі.

Қоғам сонымен қатар жұмыс орнында қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырылған жұмыстарды жүргізеді:

- қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша міндетті нұсқамалық беру және білімдерін тексеру арқылы өндірістік процестер бойынша қызметкерлерді оқыту жүргізіледі, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тақырыптары бойынша, ең алдымен, жаңадан қабылданған қызметкерлерге нұсқамалық жүргізіледі;
- әкімшілік ғимараттың кеңселік үй-жайларында жабдықтар мен инженерлік желілерге, қызметкерлердің жұмыс орындарындағы компьютерлер мен кеңсе техникасына реттелген профилактикалық жабдықтарды жөндеу жүргізіледі.

Қоғам қызметкерлері «Жасыл орам» БО Т4 блогының (бұдан әрі – ғимарат) 14-15 қабаттарында орналасқан. Әрбір жұмыс орны функционалдық мақсатына және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін кеңсе техникасымен жабдықталған. Апаттық жолдар мен ғимараттың үй-жайларынан шығулар белгілермен көрсетілген. Ғимараттың өрт автоматикасының жұмысқа қабілеттілігі және қызметкерлердің жұмыс орнындағы өрт қауіпсіздігі қызмет көрсету шарты бойынша мамандандырылған қызмет көрсету ұйымымен қамтамасыз етіледі. Тексеру техникалық регламентке сәйкес жарты жылда бір рет жүргізіледі. Техникалық персоналдың апаттар, өрттер кезінде әрекет ету дағдыларын жұмыспен өтеу бекітілген Жаттығулар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (енгізілген карантиндік іс-шараларға байланысты оқу жаттығулары Ғимараттар қызметкерлерін көшірмей өткізіледі). Жаңадан қабылданған қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамалық беріледі.

Жұмыс уақыты ішінде жұмыс орындары орналасқан Ғимарат үй-жайларындағы температура, жарықтандыру және де микроклимат санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді және Ғимараттың инженерлік жүйелері мен жабдықтарына реттелген мерзімді техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-профилактикалық жөндеу мен қарау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Енгізілген карантиндік шараларға сәйкес Ғимараттарда келесілер жүргізіледі: қызметкерлердің, келушілер мен персоналдың ғимаратқа кіре берісіндегі температураны телеметриялық тексеру; дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, үй-жайларды күнделікті санитарлық өдеу, жалпы пайдалану жерлерінде және жұмыс орындарында маска режимі мен қашықтық сақталады.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес демеушілік және қайырымдылық қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» АҚ Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады. Осы саладағы қызметке қаражат Қоғамның 2021 жылға арналған бюджетінде қарастырылмаған. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында волонтерлік қозғалысты дамыту шеңберінде Қоғам қызметкерлері волонтерлік қозғалысқа, акциялар мен әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған іс-шараларға белсенді қатысады, мысалы: экологиялық жобаларды іске асыру; білім беру жобалары; Донор күні; сенбіліктер – қоқыс жинау, қар тазау, көшет отырғызу; кеңсе маңындағы аумақтарды және Есіл ауданындағы үй маңындағы аумақтарды абаттандыру. Сондай-ақ соғыс ардагерлеріне, онкологиялық ауруханада емделіп жатқан балаларға, көп балалы отбасылар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау мен көмек көрсетілді, Қоғам қызметкерлері қайырымдылық акциялары мен іс-шараларына белсенді қатысады.

БАЙЛАНЫСҚА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ. 010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ к-сі, 17/10 үй, Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлмесі), info@fnsk.kz

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебіне

№1 ҚОСЫМША

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоғам 2021 жылы келесі мәмілелер жасады:

Мүдделілігі бар мәмілелер:

- «Самұрық-Қазына» АҚ-мен жасалған, сомасы 2 млрд ресей рублі, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ облигацияларын сатып алу-сату туралы 2021 жылғы 15 наурыздағы № 1277-и шарт.

Ірі мәміле:

- «Шар-Құрылыс» ЖШС-мен және «Bestbuilding» ЖШС-мен жасалған, «Нұр-Сұлтан қ. Мыңжылдық аллеясында көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы (2-кезеңі)» жобасы бойынша құрылысқа инвестиция салу туралы 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 1–04 шарт.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебіне

№2 ҚОСЫМША

GRI МАЗМҰНЫНЫҢ ИНДЕКСІ

2021 жылға арналған тұрақты даму саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: негізгі нұсқа.

Әмбебап стандарттар

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
101	Негізгі ережелер	
102	Есептіліктің жалпы стандартты элементтері	
1	Ұйымның бейіні	
102-1	Ұйымның атауы	Компания туралы
102-2	Негізгі брендтер, өнімдер және де Қоғамның қызметтері	Компания туралы
102-3	Ұйым штаб-пәтерінің орналасқан жері	Байланыс ақпарат
102-4	Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын елдердің саны мен атаулары	Компания туралы
102-5	Меншік сипаты мен ұйымдық-құқықтық нысаны	Компания туралы

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (соның ішінде географиялық бөлініс, қызмет көрсетілетін салалар, тұтынушылар мен бенефициарлар санаттары)	Даму стратегиясы және оның жүзеге асырылуы
102-7	Ұйымның ауқымы: <ul style="list-style-type: none"> қызметкерлердің жалпы саны; бөлімшелердің жалпы саны; таза кірістер; қарыздық және меншікті капиталға бөлінген жалпы капитал; жеткізілетін өнімдер немесе көрсетілетін қызметтер көлемі. 	Тұрақты даму Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
102-8	Қызметкерлер және басқа да қызметкерлер туралы ақпарат. Жынысы жағынан еңбек шарты бойынша (тұрақты және уақытша) қызметкерлердің жалпы саны. Аймақтар жағынан еңбек шарты бойынша (тұрақты және уақытша) қызметкерлердің жалпы саны.	Тұрақты даму Кадрлар әлеуетін дамыту
102-9	Ұйым жеткізулерінің тізбегі	Тұрақты даму Жеткізулердің жауапты тізбегі
102-10	Ұйым мен жеткізулер тізбегіндегі елеулі өзгерістер.	Есепті кезең ішінде конкурстық келіссөздер жүргізу арқылы тендер сатып алу тәсілімен толықтырылды.
102-11	Сақтық қағидаты немесе тәсіл	Тәуекелдерді басқару
102-12	Сыртқы бастамалар Ұйым қосылатын немесе мақұлдайтын сыртқы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жарғылардың, қағидаттардың тізбесі немесе басқа бастамалар	Қазіргі уақытта Қоғам бұл бастамалардың ешқайсысына ресми түрде қосылмаған. Бұл ретте Қоғам ISO 26000 халықаралық стандартында (Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық) және Корпоративтік басқару кодексінде баяндалған қағидаттарды басшылыққа алады, сондай-ақ GRI стандарттарын қолдана отырып, тұрақты даму жөніндегі есептерді жариялайды.
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік: Салалық немесе басқа қауымдастықтардың, ұлттық немесе халықаралық насихаттық ұйымдардың негізгі мүшелерінің тізімі	Қазіргі уақытта Қоғам қауымдастықтардың ресми мүшесі болып табылмайды.
2	Стратегия	
102-14	Ұйымда шешімдер қабылдайтын ең жоғары тұлғаның мәлімдемесі	Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі Басқарма Төрағасының хабарламасы үндеуі
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	Тәуекелдерді басқару
3	Әдеп және риясыздық	Тұрақты даму Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
102-16	Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары	Тұрақты даму Тұрақты даму саласындағы есеп туралы. Тұрақты дамуды басқару
102-17	Әдеп жөнінде кеңес беру және алаңдаушылық білдіру механизмдері	Тұрақты даму Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
4	Басқару	
102-18	Басқару құрылымы	Корпоративтік басқару
102-19	Өкілеттіктерді табыстау	Қоғамның тұрақты дамуы
102-20	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша атқарушы билік деңгейіндегі жауапкершілік	Қоғамның тұрақты дамуы
102-21	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша мүдделі тараптарға кеңес беру	Есеп туралы Тұрақты дамуды басқару Байланыс ақпарат
102-22	Жоғарғы басқару органының және оның комитеттерінің құрамы	Директорлар кеңесі
102-23	Жоғарғы басқару органының төрағасы	Жоғарғы басқару органының төрағасы ұйымдағы атқарушы лауазымдық тұлға болып табылмайды.
102-24	Жоғарғы басқару органын ұсыну және таңдау	Директорлар кеңесі
102-25	Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын реттеу бірқатар ішкі нормативтік құжаттармен қарастырылған: Қоғамның Жарғысымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен, Әдеп кодексімен
102-26	Мақсатты, құндылықтар мен стратегияны белгілеудегі жоғарғы басқару органының рөлі	Қоғамның Жарғысына сәйкес мәселелер: Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, Қоғамның даму стратегиясын бекіту және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.
102-27	Жоғарғы басқару органының ұжымдық білімі	Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру.
102-28	Жоғарғы басқару органының жұмысын бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау.
102-29	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді анықтау және басқару	Қоғамның тұрақты дамуы
102-30	Тәуекелдерді басқару үдерістерінің тиімділігі	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарға шолу жасау	Қоғамның тұрақты дамуы
102-32	Тұрақты даму туралы есептіліктегі жоғарғы басқару органының рөлі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы Тұрақты дамуды басқару
102-33	Маңызды мәселелер туралы хабарлау	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Маңызды тақырыптарды анықтау
102-34	Маңызды мәселелердің сипаты мен жалпы саны	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Маңызды тақырыптарды анықтау
102-35	Сыйақы беру саясаты	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері
102-36	Сыйақыны белгілеу үдерісі	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері
5	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	
102-40	Мүдделі тараптар тізбесі	Қоғамның тұрақты дамуы. Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу
102-41	Ұжымдық шарттар	Қоғамның тұрақты дамуы. Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу. Толығырақ ақпарат Қоғамның 2021 жылға арналған тұрақты даму саласындағы есебінде баяндалған: www.skcn.kz
102-43	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі	Қоғамның тұрақты дамуы. Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу
102-44	Ұйыммен өзара әрекеттесу аясында мүдделі тараптар көтерген негізгі тақырыптар мен алаңдаушылықтар	Маңызды тақырыптарды анықтау
6	Есептілік тәжірибесі	
102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген кәсіпорындар	Топ құрылымы: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «СК Девелопмент» ЖШС
102-46	Есеп мазмұны мен тақырып шекараларын анықтау	Қоғамның тұрақты дамуы Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-47	Материалдық тақырыптар тізімі	Қоғамның тұрақты дамуы. Маңызды тақырыптарды анықтау
102-48	Ақпаратты қайта қарау	Қоғамның тұрақты дамуы. Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-49	Есептіліктегі өзгерістер	Қоғамның тұрақты дамуы. Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-50	Есептілік кезеңі	Жылдық есепте 01.01.2021 және 31.12.2021 жылдар аралығындағы тұрақты даму мәнмәніндегі Қоғамның негізгі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі көрсетілген.
102-51	Соңғы есептің күні	2020 жылға арналған жылдық есеп 2021 жылғы сәуірде жарияланған
102-52	Есепті цикл	Жылына 1 рет
102-53	Есепке қатысты сұрақтар бойынша байланыс ақпарат	Қоғамның тұрақты дамуы Байланыс ақпарат: «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ к-сі, 17/10 үй. Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлмесі), факс +7 7172 575522, info@fnsk.kz .
102-54	GRI стандарттарына сәйкес есептілік дайындаудың таңдалған нұсқасы туралы ақпарат	Қоғамның тұрақты дамуы 2021 жылға арналған тұрақты даму саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған: негізгі нұсқа
102-55	GRI мазмұнының индексі	48-бет
102-56	Сыртқы кепілдік	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
GRI 200 Экономикалық тақырыптар		
GRI 103 – Менеджмент саласындағы тәсіл	GRI 103–1 Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекарасын негіздеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Есеп туралы. Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103–2 Менеджмент саласындағы тәсіл және оның құрамдас бөліктері	Басқарма Төрағасының үндеуі. Біздің қызмет. Тұрақты дамуды басқару. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	GRI 103–3 Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау	Ішкі аудит
GRI 201 – Экономикалық көрсеткіштер	GRI 201–1 Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құндылық	Қоғамның тұрақты дамуы. Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
	GRI 201–4 Үкіметтен алынған қаржылық көмек	Қоғамның тұрақты дамуы. Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
GRI 203 – Тікелей емес экономикалық әсерлер	203–2 Елеулі жанама экономикалық салдарлар әсерлер	Қоғамның тұрақты дамуы. Жеткізулердің жауапты тізбегі. Қатысу аймақтарындағы экономикалық әсер
GRI 205 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	GRI 205–1 Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер бойынша бағаланатын операциялар	Қоғамның тұрақты дамуы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттары мен әдістері туралы ақпарат және оларға үйрету
GRI 300 Экологиялық тақырыптар		
GRI 103 – Менеджмент саласындағы тәсіл	GRI 103–1 Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекарасын негіздеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103–2 Менеджмент саласындағы тәсіл және оның құрамдас бөліктері	Қоғамның тұрақты дамуы. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	GRI 103–3 Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау	Қоғамның тұрақты дамуы
GRI 305 – Шығындылар	GRI 103–1 Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекарасын негіздеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103–2 Менеджмент саласындағы тәсіл және оның құрамдас бөліктері	Қоғамның тұрақты дамуы. Қоршаған ортаны қорғауға әсерді басқару. Тұрақты дамуды басқару. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	GRI 103–3 Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау	Қоғамның тұрақты дамуы. Қоршаған ортаны қорғауға әсерді басқару
GRI 307 – Экологиялық нормаларға сәйкес келу	GRI 307–1 Экологиялық заңдар мен қағидаларды сақтамау	Қоғамның тұрақты дамуы. Тұрақты дамуды басқару. Есепті кезең ішінде Қоғамда мұндай оқиғалар болған жоқ.

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпе, сілтемелер, ерекше жағдайлар
GRI 400 Әлеуметтік тақырыптар		
Оқу және білім алу		
GRI 103 – Менеджмент саласындағы тәсіл	GRI 103–1 Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекарасын негіздеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Маңызды тақырыптарды анықтау. Кадрлар әлеуетін дамыту
	GRI 103–2 Менеджмент саласындағы тәсіл және оның құрамдас бөліктері	Қоғамның тұрақты дамуы. Кадрлар әлеуетін дамыту. Тұрақты дамуды басқару. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
Оқу және білім алу		
GRI 404 – Оқу және білім алу	GRI 404–1 Жыныс пен қызметкерлер санаттары бойынша бөлінген бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны	Қоғамның тұрақты дамуы. Кадрлар әлеуетін дамыту
	GRI 404–3 Нәтижелер мен мансаптық даму туралы тұрақты шолуларды алатын қызметкерлердің пайызы	Қоғамның тұрақты дамуы. Кадрлар әлеуетін дамыту
Мемлекеттік саясат		
GRI 415 – Мемлекеттік саясат	GRI 103–1 Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекарасын негіздеу	Қоғамның тұрақты дамуы. Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103–2 Менеджмент саласындағы тәсіл және оның құрамдас бөліктері	Қоғамның тұрақты дамуы. Мемлекеттік саясатты қолдау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл
	GRI 103–3 Менеджмент саласындағы тәсілді бағалау	Қоғамның тұрақты дамуы Мемлекеттік саясатты қолдау
Мемлекеттік саясат		
GRI 415 – Мемлекеттік саясат	GRI 415–1 Елдер және алушы/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарға қайырымдылықтардың жалпы ақшалай құны	Қоғам елдер және алушы/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарға қайырымдылық жасамайды

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2021 жылға арналған жылдық есебіне

№3 ҚОСЫМША

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	58-59
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	60
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	61
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп.....	62-63
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	64-103



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСҚ Кодексі)* (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСҚ Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселелерге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді

Қаржы активтерінің құнсыздануы

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың берілген қарыздар бойынша айтарлықтай берешегі және қаржылық жалдау бойынша берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелерде депозиттері бар. Топ өзінің қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалдардың резервін 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағалайды. Берілген қарыздар бойынша берешектің күтілетін несиелік залалдардың резервін, қаржылық жалдау бойынша берешектің, ақша қаражаты мен оның баламаларының және кредиттік мекемелердегі депозиттердің өтелімділігін бағалау күрделі болып табылады, едәуір дәрежеде субъективті және атап айтқанда, дебитордың болжамды төлем жасай алу қабілеттігі туралы жорамалдарға негізделген. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады.

Берілген қарыздар бойынша берешек, қаржылық жалдау бойынша берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 10, 11, 16 және 18-ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

Біз берілген қарыздарға, қаржылық жалдау бойынша берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына және кредиттік мекемелердегі қаражатқа қатысты күтілетін несиелік залалдар резервін есептеу процесін түсініп, Топтың тиісті есеп саясатын бағаладық. Біз Топ резервтеу матрицасында пайдаланған ақпаратты Топ берген қарыздар, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі депозиттер мен баршаға қолжетімді экономикалық болжамдар туралы тарихи деректермен салыстырдық. Сондай-ақ біз берілген қарыздар бойынша берешек, қаржылық жалдау бойынша берешек, берешектің мерзімдер бойынша пайда болу құрылымы, есепті күнге дейінгі және кейінгі есептеулер туралы ақпаратты қарастырдық. Біз үшінші тараптармен болған келіссөздердің ағымдағы мәртебесі мен түскен хат-хабарларды қарастырдық.

Біз берілген қарыздар бойынша берешекке, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына, сондай-ақ кредиттік мекемелердегі депозиттерге қатысты Топ ашып көрсеткен ақпаратты және 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерін талдадық.



Топтың 2021 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2021 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2021 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтылмайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және «Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі жоғары, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз

Біз Директорлар кеңесіне кіретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне кіретін тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Директорлар кеңесіне кіретін тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Рустамжан Саттаров.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Рустамжан Саттаров
Аудитор / Бас директоры
«Эрнст энд Янг» ЖШС

Аудитордың 2012 жылғы 6 қаңтарындағы
№ МФ-0000060 біліктілік куәлігі



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Алматы қ, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби д-лы, 77/7, «Есентай тауэр» ғимараты,

2022 жылғы 28 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанға

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл*
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	212.060	202.838
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	3.793.230	3.898.890
Қауымдасқан компанияға инвестиция	13	15.544	13.434
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	9	8.471.414	–
Материалдық емес активтер		41.194	44.135
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	10	46.343.025	55.552.116
Берілген ұзақ мерзімді қарыздар	16	17.602.955	3.999.960
Кредиттік мекемелердегі қаражат	11	31.386.386	35.913.990
Басқа да айналымнан тыс активтер	14	6.376.111	834.347
		114.241.919	100.459.710
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		6.836	6.832
Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік	8	53.092	72.630
Сауда дебиторлық берешек	15	2.593	275.445
Берілген қарыздар	16	440.145	7.882.384
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		537.257	216.828
Айналымдағы қаржы активтері	17	9.193.162	10.882.398
Кредиттік мекемелердегі қаражат	11	104.802	5.052.698
Басқа да айналымдағы активтер	12	386.042	428.808
Ақша қаражаты мен оның баламалары	18	40.785.783	25.805.120
		51.509.712	50.623.143
Есептен шығарылуға арналған активтер	19	–	1.000.000
Активтердің жиыны		165.751.631	152.082.853

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл*
Меншікті капитал мен міндеттемелер			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	20	19.990.162	19.990.162
Қосымша төленген капитал	20	3.437.245	3.437.245
БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау резерві	17	227.317	194.441
Бөлінбеген пайда		37.092.232	28.325.877
Капитал жиыны		60.746.956	51.947.725
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	21	–	14.125.000
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	23	2.161.832	2.544.648
Келешек кезеңдер кірістері		107.145	122.452
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	24	2.086.004	–
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	30	1.083.958	350.910
		5.438.939	17.143.010
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	21	81.880.635	80.456.167
Облигациялар	22	11.801.600	–
Кредиторлық берешек	24	3.880.636	85.668
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	25	2.002.865	2.450.283
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		99.565.736	82.992.118
Міндеттемелер жиыны		105.004.675	100.135.128
Капитал мен міндеттемелер жиыны		165.751.631	152.082.853

* Осы бағанда келтірілген кейбір сандар 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді таныстыру мақсатында көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 5-ескертемеде келтірілген.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі



М.Ж. Уали

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Түсім	26	14.314.798	19.596.629
Өзіндік құны	27	(1.304.390)	(8.018.221)
Жалпы пайда		13.010.408	11.578.408
Жалпы және әкімшілік шығыстар	28	(1.541.310)	(1.778.496)
Қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервін қалпына келтіру/(есептеу)		588.913	(2.115.354)
Қаржылық емес активтердің құнсыздану резервін (есептеу)/қалпына келтіру		(167.119)	1.073.610
Операциялық кірістер		11.890.892	8.758.168
Қаржылық кіріс	29	3.565.526	2.028.284
Қаржыландыру бойынша шығындар	29	(2.971.425)	(2.114.873)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	13	2.110	-
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған зиян	13	-	(126.634)
Бағамдық айырма бойынша шығыс, нетто		(329.440)	(949)
Басқа да кірістер		200.630	411.831
Басқа да шығыстар		(28.022)	(52.147)
Салық салынғанға дейінгі пайда		12.330.271	8.903.680
Табыс салығы бойынша шығыстар	30	(2.544.139)	(2.105.170)
Есепті жылғы пайда		9.786.132	6.798.510
Акцияға пайда			
Жай акцияларды ұстаушыларға келетін жылғы базалық пайда (теңгемен)	20	609.23	418.43
Есепті жылғы пайда		9.786.132	6.798.510
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс			
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері бойынша таза кірістер	17	32.876	90.486
Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс		32.876	90.486
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		9.819.008	6.888.996

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі М.Ж. Уали

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	БЖК арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	103.955	21.527.367	45.058.729
Бір жылғы пайда	-	-	-	6.798.510	6.798.510
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	90.486	-	90.486
Жиынтық кіріс жиыны	-	-	90.486	6.798.510	6.888.996
2020 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	194.441	28.325.877	51.947.725
Бір жылғы пайда	-	-	-	9.786.132	9.786.132
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	32.876	-	32.876
Жиынтық кіріс жиыны	-	-	32.876	9.786.132	9.819.008
<i>Дивидендтер (20-ескертпе)</i>	-	-	-	(1.019.777)	(1.019.777)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	227.317	37.092.232	60.746.956

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі М.Ж. Уали

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Өнім мен тауарларды өткізу		589.449	10.047.521
Алынған пайыздар		4.660.834	5.073.106
Жалдау бойынша түсімдер		19.123.629	10.842.279
Басқа да түсімдер		9.775.225	10.365.681
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(2.241.975)	(754.819)
Берілген аванстар		(69.531)	(84.717)
Жалақы бойынша төлемдер		(954.551)	(1.219.650)
Алынған қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыны төлеу	33	(3.021.953)	(4.362.757)
Корпоративтік табыс салығы		(2.131.520)	(1.742.377)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(436.876)	(540.566)
Басқа да төлемдер		(2.422.672)	(2.338.397)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		22.870.059	25.285.304
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем		(8.468.163)	(1.109.063)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(22.187)	(1.323)
Банк салымдарын орналастыру		–	(4.970.000)
Банк салымдарын алу		11.320.901	1.835.524
Үшінші тараптарға берілген қарыздар		(11.333.041)	(11.702.998)
Үшінші тараптардан қарыздарды қайтару		2.697.448	4.089.466
Қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесін сатудан түскен түсімдер		13.982	–
Басқа да үлестік құралдарды өткізуден түскен түсімдер		8	–
Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу		–	(53.940)
Борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер		500.000	1.690.000
Басқа да (төлемдер)/түсімдер		(63.967)	4.994.684
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(5.355.019)	(5.227.650)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл	2020 жыл
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	33	–	21.825.145
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	33	11.500.000	–
Алынған қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу	33	(12.995.033)	(34.371.093)
Шығарылған облигацияларды өтеу	33	–	(5.203.442)
Төленген дивидендтер	20	(1.019.777)	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(2.514.810)	(17.749.390)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		15.000.230	2.308.264
Күтілетін несиелік зиян бойынша резервтегі өзгеріс	18	(8.982)	101
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(10.585)	149.649
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		25.805.120	23.347.106
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	18	40.785.783	25.805.120

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі



М.Ж. Уали

Бас бухгалтер

Б.К. Сипульдина

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысымен құрылды. 2019 жылғы 15 ақпанда Компания «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы болып атауын өзгертті.

Компанияның кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Сығанақ, 17/10 ғимарат.

Мемлекет меншігінде Компанияның 100% қатысу үлесі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Бас компания» немесе «Самұрық-Қазына») арқылы Компанияға бақылау жүргізеді.

Компания миссиясы тұрғын-үй құрылысына инвестициялық қызмет пен сапалы тұрғын-үйді ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір жағдайларын жақсарту, сондай-ақ құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниясы Тобының жобаларын басқару болып табылады.

Компанияның негізгі қызметіне мыналар кіреді:

- мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
- жылжымайтын мүлікті басқару;
- инвестициялық қызмет;
- жобалау және салу сатысында компанияның үлестерін сенімгерлік басқару.

Компанияның миссиясы мен көзқарасы даму стратегиясын ескере отырып және Бас компанияның көзқарасымен қатар қалыптасады. Миссия компанияның стратегиялық басымдықтарын және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көрсетеді.

Еншілес және қауымдасқан ұйымдар

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлестері болды:

Атауы	Орны тіркеу	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі	
			2021 жыл	2020 жыл
«СК Девелопмент» ЖШС	Қазақстан	Девелопмент, жылжымайтын мүлік объектілерін қаржыландыру және кейіннен басқару/өткізу, техникалық қадағалау	49%	49%

2020 жыл ішінде Компанияның негізгі қызметі қаржыландыру және жылжымайтын мүлікті кейіннен басқару/сату және техникалық қадағалау болып табылатын «СК Development» ЖШС 100% қатысу үлесіне ие болды.

Компания және 51% үлесі 2020 жылғы 31 желтоқсанда сатылған оның еншілес ұйымы бұдан әрі бірлесіп Топ деп аталады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік шоғырландырылған негізде Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

Топтың қаржы нәтижелері құрылыс саласының ерекшелігіне байланысты болады, әрі оған ұзақ өндірістік цикл тән, өйткені жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы, орташа, 1,5 жылдан 3 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте құрылыс және құрылысқа инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден түсетін кірістердің азаюы, құрылыс объектілеріне жұмсалатын шығындар капиталының / құрылыс ұйымдарына берілген аванстардың ұлғаюы байқалады. Тиісінше, жылжымайтын мүлік объектілері тапсырылғаннан кейін Топтың негізгі қызметінен түсетін кірістердің өсімі байқалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

Еншілес және қауымдасқан ұйымдар (жалғасы)

Осыдан басқа Топтың қаржылық нәтижелеріне, мемлекеттік бағдарламаларды орындауға берілген және оны қаржыландырудан алынған пайыздық кірістер мен шығыстарды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінде уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болған пайыздар бойынша кірістерді қоса алғанда, ақша қаражатын басқарудан туындайтын қаржы құралдарын мойындау және кейіннен бағалау ықпал етеді (33-ескертілме).

Жалпы, жылдар бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің құбылуы құрылыс индустриясында жұмыс істейтін көптеген жергілікті және шетелдік компанияларға тән.

Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2022 жылғы 28 ақпанда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бас компанияның және оның еншілес компаниясының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кірістердің өзгеру тәуекелдеріне ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кірістерге әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа ұстаушылармен келісім(дер);
- басқа келісімдермен көзделген құқықтар;
- дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топішілік барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және Топ ішінде операцияларды жасау нәтижесінде туындайтын ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес компанияға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылып қалса, ол активтерді (оның ішінде гудвилді), тиісті міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу Топ басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалауға қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін:

Топтың болжаулары мен бағалауы ол шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн немесе пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін сомадан асатын болса орын алады. Есептен шығаруға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді тәуелсіз тараптар арасындағы сату операцияларының міндетті күші бар қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша қаражатын жасайтын бірліктің құнсыздануына тәстіленетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін сома дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған осы қарқындына барынша сезімтал.

Күтілетін несиелік зиян

Топ берілген қарыздар, кредиттік мекемелердегі қаражаттар және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және несиелік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Күтілетін несиелік зиян (жалғасы)**

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып несиелік зиянның пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы, ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы байқалатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаудың өзгеруі сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжанатын экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Топтың несиелік зиянның пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін.

Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді және ағымдағы қаржы активтерінің құрамында қаржылық жалдау бойынша берешектің едәуір қалдықтары бар. Қаржылық жалдау бойынша берешек Нұрлы жер мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалға алушы – 8.000 астам жеке тұлғаға тиесілі дербес елеусіз қалдықтардан тұрады. Топ басшылығы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау берешегі бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептемеді. Топ басшылығы баланстың 100%-ы өтелуге жатады деп есептейді, өйткені қаржылық жалдау берешегі жалдау бойынша активтермен, жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген, әрі оның әділ құны қаржылық жалдау берешегінің баланстық құнынан айтарлықтай асады.

Операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ инвестициялық жылжымайтын мүлік портфелінің шеңберінде ескерілетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалдау шарттарын жасады. Шарт талаптарын талдаудың негізінде (мысалға, соларға сай жалдау мерзімі коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанын экономикалық пайдалану мерзімінің негізгі бөлігін білдірмейді және ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны коммерциялық жылжымайтын мүліктің іс жүзіндегі барлық әділ құнына тең келмейді) Топ аталған мүлікке нелік ету құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайда онда сақталып қалатындығын белгіледі және тиісінше, бұл шарттарға операциялық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәртібін қолданады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке Топтың қызметінде пайдалану үшін қолданылмайтын, операциялық қызметте сатуға арналмаған, бірінші кезекте жалға беруден кіріс немесе капитал құнының өсімінен кіріс алу үшін ұсталатын пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар кіреді.
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылыс аяқталғаннан кейін сатқысы келген пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн соған ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен жуырда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны *7-ескерту*де ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік үшін ӨТҚ есепті күнге қолданылатын нарықтық конъюнктура мен бағаларды ескере отырып бағаланады және Топ тиісті жуырдағы нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Сенімгерлік басқару шарттары**

2021 жылдың ішінде Топтың байланысты тарап «Біріккен химия компаниясы» ЖШС-пен (бұдан әрі – «БХК») БХК-ның келесі еншілес компаниялардағы үлестерін басқаруға арналған сенімгерлік басқару шарттары қолданылды: «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС. Сенімгерлік басқару шарттары жобалардың құрылысы аяқталғанға дейін қолданылады: «Ұлттық индустриалды мұнай-химия паркі» Арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу», тиісінше «Глифосфат, үшхлорлы фосфор, каустикалық сода мен хлор өндірісі». Топ сенімгерлік басқару шарттарын сенімгерлік басқарудың өтуіне орай БХК еншілес компаниялары бақылауының болуына саралады және БХК еншілес компанияларындағы қатысу үлестерін бақылау амалы Топқа 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді.

2019 жылғы 24 қаңтарда Топ пен Бас компания Офистік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Топ көрсетілген шартты сенімгерлік басқаруға өтуіне орай бақылаудың болуына саралады және ғимаратты бақылау амалы Топқа 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді. Топ әкімшілік ғимаратты басқару қызметтерін көрсетеді – үй-жайларды басқа ұйымдарға, негізінен байланысты тараптарға жалға береді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Топ 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін бірқатар стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS), 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2-кезең»

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайызсыз мөлшерлемеге ауыстырылған жағдайларда қаржылық есептілік үшін болатын салдарды түзету үшін қолданылатын уақытша босатуларды білдіреді.

Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдасқа қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

«2021 жылғы 30 маусымнан кейін қолданылған Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2020 жылғы 28 мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару». Бұл түзету Covid-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалдау бойынша иеліктен шығарулар болған жағдайда жалдау шарттарының түрлендірулерін есепке алу бөлігінде жалға алушылар үшін 16 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдік ретінде жалға алушы жалға беруші Covid-19 пандемиясымен байланысты ұсынған жалдау бойынша иеліктен шығару жалдау шартының түрлендіруі болып табылатындығын сараламау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешімді қабылдайтын жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығарумен негізделген жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін мұндай өзгеріс есепте, егер ол жалдау шартының түрлендіруі болып табылса, 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай көрсетілетіндей етіп ескеруі тиіс.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

Бұл түзету 2021 жылғы 30 маусымға дейін қолданылады деп болжанды, алайда Covid-19 пандемиясының жалғасып отырған ықпалына орай ХҚЕС жөніндегі кеңесі 2021 жылғы 31 наурызда практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдану мерзімін 2022 жылғы 30 маусымға дейін ұзартуды шешті.

Жаңа түзету 2020 жылғы 1 сәуірден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

Топтың Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша қандай да бір берілген жол беруі жоқ, бірақ қажет болған жағдайда ол рұқсат етілген кезең ішінде практикалық сипаттағы жеңілдікті қолдануды жоспарлап отыр.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;
- 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Концептуалдық негіздерге сілтемелер»;
- 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер»;
- 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары»;
- «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;
- «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – әділ құнды бағалау кезіндегі сатық сату;
- «Бухгалтерлік бағалауды айқындау» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету» ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі № 2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер.

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның еншілес ұйымының функционалдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген. Теңге Компания және оның еншілес ұйымы қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда Топ компанияларымен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі.

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі. Барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда немесе зиян баптың әділ құнының өзгеруінен пайданы немесе зиянды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни баптар бойынша валютаны есептеуден болған бағамдық айырмалар, БЖК құрамында танылатын әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған пайда немесе зиян не болмаса БЖК құрамында немесе тиісінше пайданың немесе зиянның құрамында танылады).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)**

Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні Топ алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда Топ әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындайды.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

ҚҚБ-да 2021 жылғы 31 желтоқсанға белгіленген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431,8 теңге болды (2020 жылы 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге).

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістерге өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зиян Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты дәл сол кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша зиянын тану қажеттігін айқындайды.

Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зиянда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтінде қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылуан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы және айналымнан тыс етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі. Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса, айналымдағы болып табылады.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасаудың әрбір күніне әділ құны бойынша туынды құралдар ретінде бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны және әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс қаржылық емес активтер туралы ақпарат тиісінше 33-ескерптеде және 7-ескерптеде ашылып көрсетіледі.

Активті сатып алу кезінде алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- немесе бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не болмаса негізгі нарықтың жоқтығы шарттарында, бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелуі не болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелуі қабілетін назарға алады.

Топ мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер 33-ескерптеде сипатталған әділ құн көздері иерархиясының шеңберінде жіктеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді мойындау**

Топ қызметі жылжымайтын мүлікті басқарумен және құрылыспен байланысты. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Топ түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда әдетте ол принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, өйткені әдетте Топ тауарлар сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылап отырады.

Топ шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып түсімді алуды көздейтін өзі жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайда сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне талап ету құқықтарын қайта табыстаудан түскен кірістер сатып алушыға қатысты талап ету құқықтарына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

Жалға беруден түскен кіріс

Операциялық жалға берілген инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде тік сызықты әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатына орай түсім құрамына қосылады.

Пайыздық кіріс

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Құрылыс компанияларын қаржыландырудан түскен пайыздық кіріс негізгі қызметтен болған кірістердің құрамына және басқа да пайыздық кірістер бөлігінде қаржыландырудан болған кірістердің құрамына қосылады.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Компанияның ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

Табыс салығы*Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы пайда салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдары төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей меншікті капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы пайда салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, меншікті капитал құрамында танылады. Ұйым басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын калпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта калпына келтірілмейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылатын пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын шамада барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе зиянға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте калпына келтіріледі және соған қарсы уақыт айырмалары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе зиян құрамында танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан қорғалған ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын ұйымға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Жұмыскерлерге сыйақылар***Әлеуметтік салық*

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары

Топ зейнетақы қорына жарналар ретінде өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері бойынша жауапкершілік Топтың мойнында жатыр, бұл ретте Топтың қызметкерлерге еңбек қызметін аяқтағаннан кейін өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

Қаржы активтері*Бастапқы тану және бағалау*

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағалайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау «ақша ағындары» тестісі (SPPI-тест) деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. «Ақша ағындары» критерийіне жауап бермейтін қаржы активтері, ақша ағындары бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктеледі.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, берілген қарыздар, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)**Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)*

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ берілген қарыздарды, сауда және басқа да дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін жатқызады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Топ борыштық құралдарды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалатын болса, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активі, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу, сол сияқты қаржы активтерін сату болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар болған жағдайда, пайыздық кіріс, валюта бағамдарының қайта бағалануы және мұндай залалдың құнсыздануынан немесе қалпына келтірілуінен болған залал басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріндей дәл осылайша есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. Мойындалу тоқтаған кезде басқа да жиынтық кірістің құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеледі. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар санатына, Топ басқа да айналымнан тыс қаржы активтерінің құрамына қосылған, бағасы белгіленетін борыштық құралдарға жасалған инвестицияларды жатқызады. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың мемлекеттік облигациялары – басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері бар.

Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар)

Бастапқы мойындау кезінде Топ өз қарауына қарай, бірақ одан кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу жөнінде шешім қабылдай алады, егер олар «Қаржы активтері: ұсыну» 32 ХКЕС-ке (IAS) сай меншікті капиталдың анықтамасына жауап бермесе және саудаға арналмаса. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады. Мұндай қаржы активтері бойынша пайда мен зиян ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Топ қаржы активі құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда осындай пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ол бастапқыда мойындалған кезде айқындалған басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын үлестік құралдары жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)**Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері*

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Топтың қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Топ борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады. Бұл санатқа Топ өз қарауына қарай, бас тарту құқығынсыз, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктемеген туынды құралдар мен бағасы белгіленетін үлестік құралдарға инвестициялар жатады. Бағасы белгіленетін үлестік құралдар бойынша дивидендтер, оларды алу құқығы белгіленгенде, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте басқа да кіріс ретінде танылады.

Негізгі шарттарға ендірілген туынды құралдар, жекелеген туынды құралдар ретінде ескеріледі және егер оларға тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болып табылмаса және осы негізгі шарттар саудаға арналмаса және табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп жіктелмесе, әділ құны бойынша көрсетіледі. Осы сияқты ендірілген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланады, ал олардың әділ құнының өзгеруі қаржылық кірістердің немесе қаржылық шығыстардың құрамында есепте мойындалады. Есепке алу тәртібін қайта қарау өйтпеген жағдайда қажет болуы мүмкін ақша ағындарының елеулі өзгеруіне әкеліп соқтыратын шарт талаптарында өзгерістер болған жағдайда не болмаса қаржы активті қайта жіктелген және ол пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатынан аударылған жағдайда жасалады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідіріссіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несиелік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиянға тең сомда залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несиелік зиянның пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қатысты Топ төмен несиелік тәуекел туралы оңайлатуды қолданады. Әрбір есепті күнге Топ тым аса шығын немесе күш жұмсамай қолжетімді болатын барлық негізделген әрі расталатын ақпаратты пайдалана отырып, борыштық құралдың төмен несиелік тәуекелі бар құрал болып табылатындығын бағалайды. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде Топ борыштық құралдың ішкі несие рейтингісін қайта қарайды. Сонымен бірге, Топ несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болды деп есептейді, егер шартта көзделген төлемдер мерзімі 30 күннен артық өтсе. 2021 жылдың 31 желтоқсанына және 2020 жылдың 31 желтоқсанына Топтың бағасы белгіленетін мемлекеттік облигациялармен білдірілген БЖК арқылы бағаланатын борыштық бағалы қағаздары болды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қарыздар болған жағдайда қаржыландыру бойынша шығындар құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда танылған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер мен қарыз алулар немесе кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер алдымен олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Топтың қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада керіп сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалмағандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Топтың қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Бастапқы тану кезінде Топтың қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар)

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Бұл санатқа, ең алдымен, пайыздық несиелер, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді, әрі ол кейіннен инвестициялық жылжымайтын мүлік не болмаса өткізуге арналған жылжымайтын мүлік ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылады. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздандуды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен түскен кірісті алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді.

Жалдау талаптарында меншіктегі жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалға алынатын жылжымайтын мүлік сыйақысының әділ құны бойынша танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, егер оларды тану критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге арналған шығындар қосылмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүлігінің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздандуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Материалдық емес активтің мойындалуы ол есептен шығарылғанда (яғни оны алушы бақылауға ие болатын күнге) немесе оны пайдаланудан немесе есептен шығарылудан ешқандай келешек экономикалық пайда болмағанда тоқтатылады. Активтерді тануды тоқтатудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе зиян (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырған пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік осы сияқты жылжымайтын мүлікті сату үшін әдеттегідей болатын шарттарда өзінің ағымдағы күйінде дереу сатыла алса, сондай-ақ сату мүмкіндігі жоғары болса, мұндай шарт сақталған болып есептеледі.

Басқа да ұзақ мерзімді активтер

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге келешекте қаржылық жалға беруге арналған жылжымайтын мүлік не болмаса сол бойынша есепті күнге оның баланстық құны қалайша өтелетіндігі анықталмаған жылжымайтын мүлік кіреді. Басқа да ұзақ мерзімді активтер мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін басқа да ұзақ мерзімді активтер жинақталған құнсыздандуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Басқа да ұзақ мерзімді активтер амортизацияланбайды. Басқа да ұзақ мерзімді активтер санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы қызмет ету мерзімдері бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті мойындауды тоқтатудан болған кіріс немесе шығыс активтің есептен шығарылуынан түскен таза түсім мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті мойындауды тоқтату сәтінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық жасақтама мен лицензиялардан тұрады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептеу мерзімі ішінде желілік негізде өтелінеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	8-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-50
Көлік құралдары	3-15
Басқалары	2-20

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және тенгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдарға көбінесе әкімшілік ғимарат, жер және кеңсе жабдықтары жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды.

Активтің өтелетін құны немесе ақша ағындарын жасайтын бірліктің құнсыздануы – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (ақша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (ақша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін сома негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады.

Егер активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомандан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Есептен шығаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін мүкіят жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсім үрдістері бесінші жылдан кейін болжанатын келешек ақша ағындарына қатысты есептеліп, қолданылады.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив мақсатына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шыкса, Топ активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің таза құны. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу және оларды лайықты күйге келтіру кезінде болған шығыстар кіреді. Таза өткізу құны - өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік

Жалға беру немесе капитал өсімі үшін ұстау үшін емес, операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнның ең азы және сатудың таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына мыналар кіреді:

- меншік құқығы және жерді жалдау құқығы;
- мердігерлерге құрылыс үшін төленген сомалар;
- қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау және жобалау шығындары, құрылыс алаңын дайындау шығындары, заңгерлік қызметтер үшін кәсіби сыйақы, меншікті беру салығы, құрылысқа үстеме шығыстар және басқа да байланысты шығыстар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік (жалғасы)**

Өткізудің таза құны – бұл есепті күнге нарықтық бағаларға негізделген және ақшаның уақытша құнын бағалауды ескере отырып дисконтталған, егер бұл материалды болса, құрылысты аяқтауға арналған болжамды шығындарды және өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында өткізудің болжамды бағасы.

Есептен шығарылу кезінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына, сатылған жылжымайтын мүлікке байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің салыстырмалы мөлшерінің негізінде бөлінген үстеме шығыстар кіреді.

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері жалға алушылар қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын сомаларды білдіреді. Жалдау мерзімінің соңында кепілдікті міндеттемелердің қаражатын жалға алушылар соңғы жалдау төлемдерін өтеу үшін пайдаланады.

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе активтерді пайдалануға тәуелді болатындығын және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтетіндігін, тіпті егер бұл келісімде анық көрсетілмесе де, анықтауды талап етеді.

Топ жалға беруші ретінде

Сол бойынша Топқа іс жүзінде жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау қатынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады.

Жалдау төлемдері өтелмеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғаюы арасында бөлінеді. Қаржыландырудан түскен кірістер тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Топ активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте кіріс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Топ жалға алушы ретінде

Топқа активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтарды, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, негізінен сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сатуға арналған деп жіктелі. Сатуға арналған деп жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтар сатуға арналған шығындар шегеріліп, екі мәннің – баланстық құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығарылатын топтың) есептен шығарылуына тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру шығындары мен пайда салығы бойынша шығыс кірмейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет (жалғасы)**

Объектіні сатуға арналған деп жіктеудің критерийлері, егер сату ықтималдылығы жоғары, ал актив немесе шығарылатын топ өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Сатуды жүзеге асыруға қажетті әрекеттер сату бойынша әрекеттердегі едәуір өзгерістердің шағын ықтималдылығына, сондай-ақ сатудың күшін жоюға көрсетуі тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру міндетін өз мойнына алуы тиіс және сатылым жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде аяқталады деген үміт болуы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте айналым/қысқа мерзімді баптар ретінде бөлек ұсынылады.

Шығатын топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлерін қанағаттандырады, егер ол шыққан не болмаса сатуға арналған деп жіктелген құзырлы ұйым болып табылса және:

- қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін білдіреді;
- қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; не болмаса
- кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасып отырған қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін пайда немесе залал ретінде жеке баппен көрсетіледі.

5. ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЙТА ЖІКТЕУ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі 2020 жылғы салыстырмалы ақпаратқа 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайдың таныстырылымымен салыстырмалылыққа қол жеткізу үшін жіктеу бойынша түзетулер жатады. Қайта жіктеулер Топтың қаржылық жағдайына әсерін тигізбеді.

<i>Мың теңгемен</i>	Бастапқы презентация	Қайта жіктеу сомасы	Түзетулерді ескере отырып таныстыру
2020 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп			
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	59.552.076	(3.999.960)	55.552.116
Берілген ұзақ мерзімді қарыздар	–	3.999.960	3.999.960

Қайта жіктеу берілген ұзақ мерзімді қарыздардың бөлек ұсынылуын білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

2021 және 2020 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Офистік құрал-жабдықтар	Жиыны
Бастапқы құн				
2019 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	451.173	509.187
Түсімдер	–	–	640	640
Есептен шығару	–	–	(19.099)	(19.099)
Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу	–	–	(12.980)	(12.980)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	419.734	477.748
Түсімдер	–	–	43.802	43.802
Есептен шығару	–	–	(11.181)	(11.181)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	452.355	510.369
Жинақталған тозу				
2019 жылғы 31 желтоқсанға	–	(3.883)	(261.152)	(265.035)
Бір жылғы есептелген тозу	–	(638)	(35.108)	(35.746)
Шығу кезіндегі тозу	–	–	17.430	17.430
Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу	–	–	8.441	8.441
2020 жылғы 31 желтоқсанға	–	(4.521)	(270.389)	(274.910)
Бір жылғы есептелген тозу	–	(638)	(33.919)	(34.557)
Шығу кезіндегі тозу	–	–	11.158	11.158
2021 жылғы 31 желтоқсанға	–	(5.159)	(293.150)	(298.309)
Қалдық құны				
2020 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	27.392	149.345	202.838
2021 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	26.754	159.205	212.060

7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2020 және 2021 жылдардағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Ғимарат	Коммерциялық үй-жайлар	Жиыны
Бастапқы құн			
2019 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	10.345	4.861.199
2020 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	10.345	4.861.199
2021 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	10.345	4.861.199
Жинақталған тозу және құнсыздану			
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(854.785)	(1.864)	(856.649)
Бір жылғы есептелген тозу	(105.453)	(207)	(105.660)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	(960.238)	(2.071)	(962.309)
Бір жылғы есептелген тозу	(105.660)	–	(105.660)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	(1.065.898)	(2.071)	(1.067.969)
Қалдық құны			
2020 жылғы 31 желтоқсанға	3.890.616	8.274	3.898.890
2021 жылғы 31 желтоқсанға	3.784.956	8.274	3.793.230

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК (жалғасы)**

2021 жылы, инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнына тұрақты түрде жасалатын талдаудың нәтижесінде, Топ Басшылығы коммерциялық және тұрғын үй-жайлардың баланстық құны үй-жайлардың әділ құнынан аспады деген тұжырымға келді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 5.825.228 мың теңгені (2020 жылы: 5.865.212 мың теңге) құрады.

8. ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Мың теңгемен	Пәтерлер	Тұрақ орындары	Басқасы	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға	7.151.461	–	–	7.151.461
Басқа да айналымнан тыс активтерге аударылғаны (14-ескертпе)	(149.693)	–	–	(149.693)
Басқа ұзақ мерзімді активтерден аударылғаны (14-ескертпе)	11.200	10.323	121.666	143.189
Өткізілген жылжымайтын мүлік (27-ескертпе)	(6.993.430)	(10.323)	–	(7.003.753)
Құнсыздану	–	–	(68.574)	(68.574)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	19.538	–	53.092	72.630
Басқа ұзақ мерзімді активтерден аударылғаны (14-ескертпе)	7.916	–	–	7.916
Өткізілген жылжымайтын мүлік (27-ескертпе)	(27.454)	–	–	(27.454)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	–	–	53.092	53.092

9. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Топ құрылыс компанияларымен (бұдан әрі – «Салушылар») пәтерлерді, коммерциялық үй-жайларды және автотұрақ орындарын сатып алуға шарттарды жасайды. Шарттардың ережелеріне сәйкес Топ Салушыларға аванстық төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенді, ал Салушылар белгіленген мерзімде құрылысты аяқтауға міндеттенді. Салушылар құрылысты аяқтағаннан кейін және оларды лайықты түрде мемлекеттік тіркеу органдарында ресімдегеннен кейін Топ тиісті объектілердің иесіне айналады.

Топтың Салушылармен жасаған шарттарында кепілдік ережелер қарастырылған, оған сәйкес Топ берген алдын ала төлемін жоғалтқан жағдайда, тәуекелдерді өтеу үшін Салушылар жер телімдері, аяқталмаған құрылыс пен сактандыру шарттары түрінде қамтамасыз етеді.

2020 және 2021 жылдар үшін құрылыс компанияларына берілген аванстардың қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Жыл басына		
Бір жылда берілген аванстар	8.471.414	614.522
Алынған жылжымайтын мүлік объектілері	–	(2.744.102)
Кепілдік төлемдері	–	82.323
Қаражатты қайтару	–	(2.268.164)
Басқасы	–	(123.831)
Салынып жатқан объектілер үшін аванстар	8.471.414	–
Жылжымайтын мүлік объектілері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша танылды:		
Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Басқа да ұзақ мерзімді активтер (14-ескертпе)	–	2.744.102
	–	2.744.102

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

Ұзақ мерзімді қаржы активтері қолданыстағы қаржылық жалдау шарттары бойынша ең аз жалдау төлемдерінің сомасын қамтитын қаржылық жалдау бойынша берешекпен білдірілген. Қаржылық жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдерде алынуға жататын ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза жалдау төлемдерінің дисконтталған құны кестеде келтірілген:

Мың теңгемен	2021 жыл		2020 жыл	
	Ең аз төлемдер	Төлемдердің дисконтталған құны	Ең аз төлемдер	Төлемдердің дисконтталған құны
Бір жыл ішінде	9.177.372	8.722.907	10.414.152	9.898.453
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	35.426.031	26.747.642	40.373.942	30.506.993
Бес жылдан жоғары	41.210.930	19.595.383	54.632.611	25.045.123
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	85.814.333	55.065.932	105.420.705	65.450.569
Қаржылық кірістерді шегере отырып	(30.748.401)	–	(39.970.136)	–
Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	55.065.932	55.065.932	65.450.569	65.450.569
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сомалар (17-ескертпе)		(8.722.907)		(9.898.453)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар		46.343.025		55.552.116

11. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Қазақстандық банктердегі депозиттер	32.017.469	43.350.969
Күтілетін несиелік зиян резерві	(526.281)	(2.384.281)
	31.491.188	40.966.688
Минусы: ағымдағы бөлік	(104.802)	(5.052.698)
Ұзақ мерзімді бөлік	31.386.386	35.913.990

Ұзақ мерзімді депозиттер «Зеленый квартал» жобасы бойынша жылдық 3,5% пайыздық мөлшерлемесі бар екінші деңгейдегі банктердегі теңгемен нысаналы депозиттерден тұрады.

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Жыл басына	2.384.281	2.469.709
Қалпына келтіру	(1.858.000)	(162.620)
Есептеу	–	77.192
Жыл соңына	526.281	2.384.281

12. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
«Delta Bank» АҚ-дағы қаражат	5.067.902	5.067.902
«Казинвестбанк» АҚ-дағы қаражат	1.365.576	1.384.903
«Альфа Банк» ЕБ АҚ-нан берешек	4.690	142.908
Пайдаланылуы шектелген «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-дағы ақша қаражаты	33.577	130.089
Басқа да ағымдағы активтер	356.910	303.164
Күтілетін несиелік зиян резерві	(6.442.613)	(6.600.158)
	386.042	428.808

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР (жалғасы)**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да айналымдағы активтер шағымдар бойынша, 1.365.576 мың теңге мөлшерінде «Казинвестбанк» АҚ-да және 5.067.902 мың теңге мөлшерінде «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған орналастырылған қаражат бойынша берешекті білдіреді, әрі соларға Топ банктердің банктік және өзге де операцияларды жасауға арналған лицензиялардан айырылуына орай 100% күтілетін несиелік зиян резервін құрды.

2017 жылғы 19 мамырда «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен «Казинвестбанк» АҚ уақытша әкімшілігі арасында «Казинвестбанк» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру туралы шарт жасалды. 2017 жылғы маусымда «Казинвестбанк» АҚ-нан берілген қарыздардың пулы бойынша кепіл беруші ретінде болатын «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен Топ арасында 247.273 мың теңге сомаға ақша қаражатының кепілі туралы шарттарға қол қойылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 71.549 мың теңге мөлшерінде кепілден резервті қалпына келтірді. Басқа активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резервіндегі қозғалыс былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Жыл басына	6.600.158	6.768.342
Қалпына келтіру	(71.549)	(39.404)
Еншілес ұйымды бақылаудан айырылу	–	(9.094)
Резерв есебінен есептен шығару	(85.996)	–
Қайта жіктеу	–	(119.686)
Жыл соңына	6.442.613	6.600.158

13. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯ

2020 жылғы 31 желтоқсанда Топ «СК Девелопмент» ЖШС (бұдан әрі – «СК Девелопмент») компаниясының жарғылық капиталында 51% қатысу үлесін өткізді. «СК Девелопмент» ЖШС қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. «СК Девелопмент» негізгі қызметі техникалық қадағалау, жобаларды басқару, девелопмент бойынша қызмет көрсету болып табылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топқа СК Девелопменттегі қатысу үлесінің 49% тиесілі. Топтың қатысуы үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескеріледі.

Төмендегі кестеде 2021 және 2020 жылдардағы инвестицияда болған қозғалыс көрсетілген:

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	13.434	–
Пайдадағы үлес, нетто	2.110	–
Еншілес ұйымға бақылаудан айырылумен байланысты түсім	–	13.434
31 желтоқсанға сальдо	15.544	13.434

Төменде қаржылық есептілікке негізделген қауымдасқан компания туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген:

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді активтер	8.306	5.412
Қысқа мерзімді активтер	301.194	183.815
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(165)	(286)
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(150.978)	(34.891)
Таза активтер	158.357	154.050
Минусы: шығудан болған залал	(126.634)	(126.634)
Иелік ету үлесі	49%	49%
31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	15.554	13.434

